



БЕЙБІТ АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ

энергетикалық
тапшылықтан
құтқарады

7

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

№73 (6524) 6 қыркүйек, жұма, 2024 жыл.

www.aqshamnews.kz

12+

ҰЛЫ ДАЛА ДҮБІРІ

V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ

ұлттық спорт түрлері бойынша өткізілетін әлемдегі ең ірі жарыс



Жексенбіде Астанада әлем көптен күткен V дүниежүзілік көшпенділер ойындары басталады. 2024 жылғы 8–13 қыркүйек аралығында елімізде өткізілетін Ұлы Дала дүбіріне төрткүл дүние көз тігетін болады. Бүгінде ұлттық спорт түрлерінен әлемдегі ең ірі жарыс болып саналатын бұл ойындарға әлемнің түкпір-түкпірінен, соның ішінде көшпенді емес елдерден де, шамамен, 89 елден 2430 қатысушы тіркелді. Қазақстаннан 216 спортшы қатысады.

Күні кеше Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен V дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық жөніндегі жиында ұлттық құраманың, спорт кешендерінің, қонақүйлер мен мәдениет орындарының дайындық барысы, сондай-ақ қоғамдық көлік, қауіпсіздік және тазалық мәселелері пысықталды.

Мемлекет басшысы Көшпенділер ойындары ұлттық спорт түрлері бойынша өткізілетін әлемдегі ең ірі жарыс екенін атап өтіп, оны жоғары деңгейде ұйымдастыру, халқымыздың терең тарихы мен мәдениетін, қонақжайлылығын көрсету, меймандар мен спортшыларға қажетті жағдай жасау маңызды екеніне назар аударды.

8

МЕГАПОЛИС

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА

кино көрген бір ғанибет!



Күз маусымы

киносүйер қауымға отандық фильмдерді ашық аспан астында көруге мүмкіндік беріп отыр. Бұл тосын да жақсы бастаманы алматылық волонтерлар ұйымдастырып, Алматы қаласы әкімдігінің Жастар саясаты басқармасы қолдады.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Биылғы көрсетілімдер өзіміздің отандық режиссерлердің фильмдерін ұсынған «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының» қолдауымен өтіп жатыр.

Қазақстандық кинокартиналармен бірге, кішкентай көрермендер үшін түрлі кейіпкерге толы мультфильмдердің көрсетілімдері де ұйымдастырылды. Барлығы 10 000-нан астам адамға 50-ден астам көрсетілім өткізілді.

Апталық фильм көрсетілімі қаланың барлық

8 ауданында өтеді және ауа райы ашық болғанша жалғаса береді.

Иә, бұл бір өзгеше жаңалық. Оның астарында жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, бойына рухани азық жинауына, тіпті кино, мультфильмдерді ата-ана, бауырларымен бірге тамашалауға жағдай жасау. Міне, сол арқылы адами құндылықтардың, адамгершілік қасиеттердің нығая түсері сөзсіз. Әрі таза ауада көрген картиналар адамға ой салып, бойды да, ойды да сергітуге септігін тигізеді.

Фильмдер кестесін Комьюнити-орталығынан немесе @birgemiz.almaty Instagram парақшасынан және +7 747 821 6478 нөмірі арқылы біле аласыз.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

6.09.2024

Түнде:

+13+15 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+20+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13м/с

7.09.2024

Түнде:

+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:

+17+19 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 18м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

ЕЛІМІЗДІҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАСЫНА АЙНАЛА АЛА МА?

Туризм саласы бүгінде жаһандық алымды құбылысқа айналды. Халықаралық саяхат және туризм консулдыңының мәліметінше, 2024 жылы әлемдік туризмнің экономикалық ықпалы рекордтық көрсеткіш көрсетіп, 11,1 триллион долларды құрады. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша жыл сайын әлемде 1 млрд-қа жуық адам келесі бір елге саяхатқа барады.

Әрине, жаһан жұртының ел аралап, жер көруі тек табиғаты көркем жерлерді көру ғана емес, сонымен қатар білім, медицина, бизнес, мәдениет, тағы басқа да салаларды қамтиды. Сондықтан бүгінде әрбір ел үшін көптеп турист тарту, саяхат жасайтын азаматтарға қолайлы жағдай жасау елдікті көрсетіп, мемлекет имиджін қалыптастырудан бөлек, ұлттық экономиканың негізгі табыс көзіне айналған. Алайда, соңғы төрт жылда елімізде экономикадағы туризмнің үлесі 3,7%-дан 3,2%-ға түскен. Неге? Бұл жаһандық туристік индексте орта деңгейден төмен көрсеткіш. Мақаламызда еліміздің туристік әлеуеті мен мүмкіндігін талдап көрейік.

• **Әлемде барлық жұмыс орнының 10%-ын туризм саласы қамтиды. Елімізге өткен жылы 2 млн турист келді. Бұл жаһандық туризмнің 0,2%-ын құрағанымен, аймақ елдерімен салыстырмалы түрде алғанда жақсы көрсеткіш.**

«Өркениеттер тоғысындағы» жер жауһары

Жаһандық тәжірибеден байқағанымыз, әрбір турист үшін шетелге шығуда ең маңызды фактордың бірі – қауіпсіздік пен жайлылық. Еліміз соңғы отыз жылда жаһан жұрты алдында өзін бейбітсүйгіш, тұрақты әрі қауіпсіз ел ретінде көрсетіп келді. Мемлекет басшысы, Қасым-Жомарт Тоқаев ел халқына арна-

ған Жолдауында негізгі бағыттардың бірі ретінде елімізде әрбір азамат үшін жайлы, әрі қауіпсіз орта қалыптастыру қажет екендігін нақтылап атап өткенінің өзі отандық туризмді өрге сүйреуде өте өзекті екендігін білеміз.

Kazakh Tourism мәліметінше, өткен жылдың қаңтар–шілде айларында елге келген туристер санын есепке алсақ, жүргізілген іріктемелі сауалнама нәтижесі бойынша Астана (17,3%) мен Алматы (16,2%) қалалары көшбасшысы болса, Ақмола облысы (6,8%), Маңғыстау облысы (5,7%) және Шығыс Қазақстан облысы (5,5%) тізімді жалғастырып отыр.

Дүниежүзілік экономикалық форумның бағалауына сәйкес, туризм саласындағы іскерлік ортаның даму деңгейі бойынша еліміз 119 елдің ішінде 70-ші орында. Елімізде іскерлік салада бизнесті дамытуға қажетті жағдай толық қалыптаспаған. Салдарынан туристік ағынның өсуіне қарамастан, курорттық аймақтардағы орналастыру орындарының саны әлі де жеткіліксіз.

Қазақстан туристер үшін өте тартымды бола алады

Қазақстанға келетін шетелдік туристердің шамамен 90%-ы көрші ТМД елдерінен. Қазіргі уақытта алыс шетелден туристер саны аз. Бұл ретте халықаралық зерттеулер көрсеткендей, саяхатшылардың 70%-дан астамы 4 сағаттық ұшу қашықтығындағы демалыс орындарын тандағанды жөн көреді. Демек, Қазақстан Қытай, Үндістан, Шығыс Азия



(Дереккөз: midjourney).

және Таяу Шығыс елдерінің туристері үшін өте тартымды бола алады.

Бұл тұрғыда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында «әуе хабтарын дамыту – өте маңызды міндет» деп атап өтті. Қазақстанның әуе кеңістігі арқылы жыл сайын 150 мың тоннаға жуық жүк тасымалданады. Алдағы төрт жылда бұл көрсеткішті екі есе ұлғайтуға болады. Әуежайларымыздың жүк тасымалдау мүмкіндігін арттыру үшін барлық жағдайды жасау керек.

Ең алдымен, танымал әуе бағыттарында лоукостерлердің қатысуын кеңейту керек. Қазір Қазақстандағы жолаушылар әуе тасымалы құрылымындағы олардың үлесі бар болғаны 21%-ды

кұрайды. Салыстырмалы түрде айтсақ, Грузияда бұл көрсеткіш 56%-ды, ал Әзербайжанда 37%-ды құрайды. Сонымен қатар, бизнес әуе тасымалы нарығындағы тұрақты өзгерістерге және бейімделуге уақыттың болмауына тап болады. «Атамекен» палатасының мәліметінше, биыл Алақөл бағытындағы субсидияланған әуе рейстері алынып тасталды, бұл туралы туроператорлар маусым басталар алдында ғана білген.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны отандық туризм үшін маңызды

Елордада 8–13 қыркүйек күндері 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтеді. Елімізге

маңызды шараны көруге 100 мыңға жуық турист келеді деп күтілуде. Бұл тұрғыда Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында еліміздің ұзақ мерзімді туристік бірегейлігін қалыптастыру өте маңызды.

Біріншіден, әлем жұртшылығы көз тіккен шарада еліміздің бай мәдени мұрасы мен бірегей табиғаты әрбір турист үшін естен кетпес әсер қалдырып, еліміз туралы жағымды ой қалыптастырып, көшпелі мәдениетіміздің бірегейлігін жаһандық деңгейге көтереді.

Екіншіден, әрине, әлем жұртшылығы көз тіккен байрақты бәсекені сәтті өткізу арқылы отандық спорт саласында инфрақұрылым дамып, алдағы уақытта өзге де маңызды халықаралық шараларды өткізуге мүмкіндік артады.

Үшіншіден, әрине, еліміздегі көшпенділер ойына туралы әлемнің алып БАҚ құралдары жазып, еліміз үшін ауқымды имидждік PR жоба ретінде сәтті болмақ.

Жаһандық туризм нарығы барлық ел үшін бүгінгі таңда басты тартыс алаңына айналғандай. Әрбір ел туристің жағдайын ойлап, жайлы әрі қауіпсіз, қолжетімді орта қалыптастыруға тырысып бағуда. Расында, еліміз экологиялық, іскерлік, білім мен мәдениет болсын, заманауи туризмнің барлық саласы бойынша ауқымды әлеуетке ие. Ендігі міндет қолымызда бар ресурсты тиімді әрі жүйелі қолдану білу.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



АЛЬПИНИЗМ

ЖАСТАР ШЫҢҒЫН БАҒЫНДЫРДЫ

Алматыда тауға шыққанды жақсы көретін мыңнан астам адамның басын қосқан «Альпиниада–2024» аяқталды

Жаздың соңғы күні Жастар шыңына көтерілуге 1 мыңнан астам адам қатысты. 1Б альпинистік санатындағы маршрут Алматы қаласының Туризм басқармасының қолдауымен, Алматы қаласының Альпинизм федерациясы, Алматы қаласының Альпинизм мектебі және Turclub.kz спорттық туристер қауымдастығының альпинистерінің мұқият дайындығымен өтті.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА



«Шымбұлақ» тау-шаңғы курортынан Жастар шыңының басына дейін қатысушылар шамамен 10 км жол, 2000 м биіктікті жүріп өтті. Қатысушылардың басым көпшілігі Кіші Алматы шатқалында орналасқан Тұйықсу мұздығында түнеп шықты.



Альпиниаданың техникалық бөлігі барлық талаптарға сай арқанды қорғау арқылы және толыққанды альпинистік жаб-

дықтармен өтті. Жол бойы альпинизм федерациясының арнайы волонтерлері барлық қатысушыларға көмек көрсетіп

отырды. Шыңға 354 қатысушы көтерілді. Олардың қауіпсіздігін 25 альпинист пен Алматы қаласы әкімдігі құтқару қызметінің 15 құтқарушысы қамтамасыз етті.

Биылғы Альпиниадаға ерекше балалар да қатысты. Олар үшін маршруттың қолжетімді болуын ескере отырып арнайы тур дайындалды. Инклюзивті топтағы 29 бала ата-аналары және гидтердің еріп жүруімен бірге «Тұйықсу» альплагерінің жанындағы Қара сарқырамаға дейін жүріп өтті.

«Альпиниада–2024» қорытындысы бойынша үш жаппай көтерілуге үш мыңнан астам қала тұрғыны мен қонақтары қатысты. Панфиловшылар шыңына 310 адам, Нұрсұлтан (Комсомол) шыңына 355 адам және Жастар шыңына 354 адам жетті. Эко-турларға 68 ерекше бала қатысты.

Алматы қаласы Альпинизм федерациясының шақыруымен Альпиниаданың құрметті қонағы Францияның бас өкілі Фабрис Нева алғаш рет Жастар шыңын бағындырды. Ол дайындық деңгейінің жоғарылығын және альпинист-волонтерлердің жұмысын ерекше атап өтті.



ҚАЛА ТЫНЫСЫ

«АЛТЫН ЖАС»

зейнеткерлерге жұмыс табуға көмектеседі

«Алтын жас» бағдарламасы биыл маусым айында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың бастамасымен бекітілді. Бұл жоба қалада тұратын зейнеткерлерге жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді.

Осы уақыт ішінде 224 адам жұмысқа орналасты, оның ішінде 53%-ы білікті жұмыс орындарына (бөлім басшылары, есепшілер, тәрбиешілер, аспаздар және т.б.), ал 47%-ы –

біліктілігі жоқ (күзетшілер, жүргізушілер, тазалықшылар және т.б.) Орташа жалақы 187,7 мың теңге (85 мың теңгеден 350 мың теңгеге дейін).

Бағдарлама жергілікті бюджеттен жалақының 50%, бірақ 85 мың теңгеден аспайтын мөлшерде субсидиялауды көздейді. Оған қаланың 94 ұйымы қатысты.

«Алтын жас» бағдарламасына Алматыда тұрақты тұратын, тіркеуі бар зейнеткерлер қатыса алады. Бағдарламаға қатысу үшін өтінішті: Достық даңғылы, 85-үй, 2-қабат, 201 А бөлмесіне; a.jas@almaty.gov.kz электрондық поштасына; +7 708 961 95 34 WhatsApp арқылы хабарласып беруге болады.

Жылу трассасы жаңартылды




Алматыда 40 жылдан астам уақыт пайдаланылған жылу желісінің учаскесін ауыстыру аяқталды. Нақтырақ айтсақ, Байқадамов және Гагарин көшелерінің қиылысында ұзындығы 1220 метр болатын учаске жаңартылды.

Енді көпқабатты 97 үй, 12 жеке үй, 4 балабақша және 2 медициналық мекеме жылу мен ыстық сумен үздіксіз қамтамасыз етіледі.

Шаһар басшысының тапсырмасымен биыл қаладағы алты ауданда 20 км жылу желісін қайта құру жоспарланған. Жұмыс кесте бойынша жүріп жатыр және аяқталып келеді.

Жасыл желектерге де күтім керек



Ағаштардың тұрақты жағдайын жақсарту, сақтау және олардың әртүрлі зиянды организмдерге төзімділігін арттыру үшін Алматы қаласында жасыл желектерді биологиялық өңдеу жұмыстары жүргізілуде. Ең көп әсер ету және тиімділікті арттыру үшін өңдеу түнде жауын-шашын болмаған кезде жүзеге асырылады.

Биыл биологиялық өңдеу де төрт кезеңде жүргізіледі. Алғашқы үш кезең қалада сәуірден тамызға дейін өтті. Төртінші кезең 15 тамызда басталды және ауа райын ескере отырып, 20 қыркүйекке дейін жалғасады.

Өткен жылдан бастап монофаг зиянкестеріне максималды

әсер ету үшін бірінші кезеңде (вегетациялық кезеңнің басында) төрт рет емен және екі рет терек өңдеу жүргізіледі. Айта кету керек, бұрын өсімдіктерді биологиялық қорғау вегетациялық кезеңнің басында тек бір рет жүргізілді, бірақ мұндай өңдеу жиілігі жасыл кеңістіктерге теріс әсер ететін монофаг зиянкестері үшін жеткіліксіз.

Жұмыста климаттық факторларды ескере отырып, ҚР аумағында қолдануға рұқсат етілген және адамдарға, құстар мен жануарларға зиянсыз сертификатталған биологиялық препараттар пайдаланылады.

Жапырақ жейтін зиянкестер мен зең ауруларының қоздырғыштарына қарсы емдеу 2,3 миллионнан астам ағашты қамтиды деп жоспарлануда. Зиянкестер мен аурулардың биологиясының ерекшеліктеріне сүйене отырып, емдеу түнде және таңертең жүргізіледі.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

ПАРАЛИМПИАДА – 2024

Давид ДЕГТЯРЕВ,
Екі дүркін Паралимпиада чемпионы:

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА МЫҢ АЛҒЫС!»



Сурет golos-naroda.kz

Жаз бойы жалындаған жазғы Олимпиада ойындары өткен Франция астанасында осы күндері жазғы Паралимпиада ойындары өтіп жатыр. Парижде 17-ші жазғы Паралимпиаданың шымылдығы ресми 28 тамыз күні түрілді. Дүниежүзілік жарыс 8 қыркүйекке дейін жалғасады.



Досбол
АТАЖАН

Қазақстан қоржынында 1 алтын, 1 күміс, 1 қола!

Жазғы Паралимпиада бәсекесі Франция астанасында алғаш рет өткізіліп отыр. Жарысқа 4400-ден астам спортшы қатысып жатыр. Оларға 2500 адам көмектеседі. Сайыс бағдарламасына 22 спорт түрі мен 549 дисциплина енген, алайда биылғы бағдарламаға жаңа спорт түрлері қосылмаған. Айта кетейік, Париж төрінде Қазақстан құрамасынан 44 спортшы сынға түсуде. Атап айтқанда, 9 спорт түрінен – пара дзюдо, пара пауэрлифтинг, пара таэквондо, пара жеңіл атлетика, пара нысана көздеу, пара үстел теннисі, пара жүзу, пара каноэ және волейболды отырып ойнаудан ел намысын қорғап жатыр. Бұл – ел тарихындағы рекордты көрсеткіш. Токио–2020 ойындарында ел намысын 26 спортшы қорғаған болатын. Ел спортшылары ойындарға 1996 жылдан бері тұрақты түрде қатысып келеді. Сондай-ақ, осы жылы қазақстандық спортшылар пара үстел теннисінен және әйелдер арасында пара каноэден алғаш рет Паралимпиада лицензиясын жеңіп алды.

Қазақстан қоржынына Паралимпияның алғашқы жүлдесін Еркін Ғаббасов салды. Ол нысана көздеуден Паралимпия ойындарының күміс жүлдегері атанды. Финалда R1 классында винтовкамен 10 метрге пара нысана көздеуден сынға түскен отандасымыз 247.7 ұпай жинап, күміс жүлде жеңіп алды. Алтынды 249.4 ұпай жинаған Корея спортшысы Парк Дж, ал қола медаль 226 ұпай жинаған Дания елінің спортшысы еншіледі.

Франция астанасында топ жарып, қоржынға келесі жүлдені әкелген Дастан Мұқашбеков болды. Ол жазғы Паралимпия ойындарында ядро лақтырудан F36 санатында қола медаль жеңіп алды. Оның нәтижесі – 16 метр. Бұл – Азия құрлығының жаңа рекорды. Алтын медальді Владимир Свиридов (17.18 метр) еншілесе, күміс жүлде Кокоити Аланға (15,84 метр) бұйырды. Екі спортшы да бейтарап ту астында өнер көрсетті.

Париж төрінде өтіп жатқан жарыстың жетінші күні еліміз үшін тарихи жетістік тіркелді. Ерлер арасында 54 кг салмақ дәрежесінде сынға түскен Давид Дегтярев 188 кг салмақты еңсеріп, екі дүркін Паралимпиада чемпионы атанды. Бұл – Парижде ұлттық құрама қоржынына түскен алғашқы алтын медаль. Екі дүркін чемпион ел азаматтары мен қолдау білдірген жанкүйерлеріне видеоүндеу жолдап, алғысын білдірді.

Күміс медальді 185 кг көтерген Куба өкілі Рамирез Барриентос Пабло жеңіп алса, қола жүлдені 179 кг нәтижесімен Қытай спортшысы Ян Джинлан иеленді. Давид бұған дейін Токиода өткен Паралимпия ойындарында топ жарған еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Паралимпиада ойындарының екі дүркін чемпионы Давид Дегтяревті құттықтады.

– Давид Дегтяревті Паралимпиада ойындарының екі дүркін чемпионы атануымен шын жүректен құттықтаймын! Ол ерекше ерік-жігер танытып, жеңіс тұғырынан көрінді, – деп жазды Мемлекет басшысы өзінің X әлеуметтік желідегі парақшасында.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету, азаматтардың жасампаздық әлеуетін толық ашу және халықтың әл-ауқатын арттыру – мемлекеттің маңызды міндеті... Үкімет мүшелері, әкімдер, депутаттар және барша қоғам өкілдері әрдайым отаншылдық идеясына адал болуға тиіс. Әр іс елге деген жанашырлық ниетпен жасалуы керек. Әрбір қадамымыз елге пайдасын тигізуі қажет.

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



(Фотодереккөз: egemen.kz)

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы:



Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев VIII сайланған Парламенттің үшінші сессиясының ашылуында Қазақстан халқына Жолдауын жариялап, алдағы мақсат-міндеттерді белгілеп берді. Сондай-ақ, Жолдауда еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларына қатысты мәселелер айқындалды. Сенат Мемлекет басшысы жүк-

ЗАҢДАРДЫҢ УАҚЫТЫЛЫ ҚАБЫЛДАНУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Парламенттің жаңа сессиясындағы Палата Бюросының алғашқы отырысы өтті. Онда депутаттар Мемлекет басшысы Жолдауда белгілеп берген міндеттерден туындайтын Сенаттың жұмыс жоспарын талқылады. Мәулен Әшімбаев Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларына қатысты Ел Президентінің тапсырмаларына назар аударып, Палатаның алдағы жұмысының жекелеген бағыттарын атап өтті.

теген барлық міндетті іске асыруға жан-жақты қолдау көрсетеді. Бұл ретте қажетті заңдардың уақытылы әзірленуі мен қабылдануын қамтамасыз ету – басты міндет.

Осыған орай Жолдауда кө-

терілген мәселелер мен тапсырмаларды ескере отырып, Сенаттың алдағы негізгі іс-шаралар жоспарын пысықтау қажет. Салық жүйесін қайта қарау және оны жаппай цифрландыру көзделіп отыр.

Жаңа Салық кодексін сапалы әзірлеу үшін оны қабылдау мерзімі келесі жылға ауыстырылды. Сондай-ақ, аудан және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін тікелей сайлау, банктер және құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы жаңа заңдар қабылдау жүктелген міндеттерді іске асыру жолындағы маңызды қадам болады.

Бұқаралық спортты дамыту, әлеуметтік саясат және активтерді қайтару бағытындағы заңдар да қабылданады. Осы орайда Сенат Мемлекет басшысы белгілеп берген барлық бастаманың іске асырылуын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етеді.

Талапкер ӘМІРЕЕВ,
генерал-майор,
ҚР Ұлттық ұланы
«Оңтүстік» өңірлік
қолбасшы-лығының
қолбасшысы:



ӘСКЕРДІҢ ДІҢГЕГІ – ТӘРТІП

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев күні кеше еліміздің қос палаталы Парламентінің отырысында «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын жариялады. Жолдау Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына арналды.

Ерлан ҚОШАНОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы:

ӘР ЖОЛДАУ – АЛҒА ҚАРАЙ ҚАРҚЫНДЫ ҰМТЫЛЫС



(Фотодереккөз: Ж.Жүмисбеков)

Мәжілістің Баспасөз қызметі хабарлағандай, Ерлан Қошановтың төрағалығымен Мәжілісте Бюро отырысы өтті. Палата Спикері Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын жүзеге асырудың негізгі міндеттерін атап өтті. Мәжіліс төрағасы Жолдауды жүзеге асыру бойынша депутаттардың міндеттерін айқындап берді.

үздіксіз іске асуда. Бүгінгі Жолдау қоғамды толғандырып отырған ең өзекті проблемаларға нақты жауап дер едім.

Жолдауда шағын және орта бизнесті қолдау, ауыл шаруашылығын қаржыландыру, банктердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау, салық саясатын қайта қарау және бюджет тапшылығы мәселесін шешу жөніндегі маңызды шаралардың барлығы заңнамалық деңгейде шешімін табуы керек.

Қазір Мәжілістің қарауында Бюджет кодексі жатыр. Палатаға

жаңа Салық кодексінің жобасы келіп түсті. Осы кодекстерді қарау кезінде Президент тапсырмаларының барлығын ескеруіміз керек. Бұл заңдар Мемлекет басшысының экономиканы жаңғырту бойынша тапсырмаларын орындауда негізгі рөл атқарады.

Президент «Банктер туралы» жаңа заң қабылдау жөнінде нақты тапсырма беріп, мемлекеттік кәсіпорындарды басқару саясатын жетілдіру және активтерді қайтару бойынша нақты міндеттер жүктеді. Депутаттар алдына қойылған мін-

деттердің қатарында Ұлттық қордан бөлінген қаржыны тиімді пайдалану, халықты толғандырып отырған маңызды әлеуметтік мәселелерді шешу, оның ішінде білім беру саласын және бұқаралық спортты дамыту мәселелері де бар.

6 қазанда өтетін атом электр станциясын салу бойынша жалпыхалықтық референдумда күллі Қазақстан халқының ұстанымы белгілі болады. Бұл – елімізде жаңа саяси мәдениет қалыптасып келе жатқанының жарқын көрінісі, «Халық үніне құлақ асатын Үкімет» тұжырымдамасының нақты нәтижесі.

Қазіргі жаһандық ауыртпалықтар кезеңінде Қазақстан дамудың жаңа бағдарын ұстанып, әділетті, адал және қауіпсіз қоғам құру жолында сенімді түрде алға басып келеді. Ал заң шығарушы билік тармағының басты міндеті – елдегі заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету.

Олжас БЕКТЕНОВ,
ҚР Премьер-Министрі:



(Фотодереккөз: ibusiness.kz)

БҮКІЛ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАР

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы хабарлағандай, Олжас Бектеновтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар қаралды.

тау-кен секторының үлесін азайтып, өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқынын арттыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, біз жоғары деңгейде өңделген өнім шығаруға басымдық беретін боламыз. Бұл саланың әлеуеті үлкен. Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдіктер барынша көңіл бөлуі тиіс проблемаларды нақты белгілеп берді. Барлық мемлекеттік органдар Президент айтқан тапсырмаларды жан-жақты пысықтап, қойылған міндеттерді шешудің нақты жолдарын айқындауы қажет.

Жолдау – Үкімет пен бүкіл қа-

зақстандық қоғам үшін стратегиялық бағдар саналады. Жолдау бізге таяу мерзімге арналған мақсат-міндеттермен қатар нысаналы көрсеткіштері және индикаторлары белгіленген нақты іс-қимыл алгоритмін айқындап берді. Әрбір тармақтың орындалуы қатан бақылауда болады. Бұл ретте қорытынды нәтижеге, оның экономикаға тиімділігіне баса назар аударылады. Азаматтардың табыс деңгейін арттыру – Үкімет жұмысының өзгермейтін басты мақсаты. Кәсіпкерлікті дамыту, халықты жұмыспен қамту үшін қолайлы жағдайлар

жасау және мемлекеттік бюджетті ұтымды бөлу айтарлықтай экономикалық өрлеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қабылданып жатқан шаралардың барлығы дәйекті түрде әрі мемлекеттік органдар мен экономика секторлары арасында үйлесімді іске асырылуы тиіс. Өзара іс-қимылдың теңгерімді тетігі ғана тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біздің әрбір қадамымыз ортақ нәтижеге – халқымыз бен еліміздің әлауқатына бағытталуға тиіс. Президент Жолдауының іске асырылу нәтижесін қазақстандық әрбір азамат сезінуі керек.

Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық жоспар жобасы Үкімет отырысының қарауына енгізіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: senate.parlam.kz; mazhilis.parlam.kz; primeminister.kz).

Мемлекет басшысы өз сөзінде елдің әлеуметтік тұрмысын жақсартуға арналған экономикалық нақты өзгерістер мен жігерлі әрекеттер керек екендігін атап өтті. Жолдауда аталған барлық тоғыз басымдық осы міндеттерді орындауға бағытталмақ. Сондай-ақ, қоғамдағы заң мен тәртіп идеологиясы ерекше аталып өтті. Ол туралы тоғызыншы басымдықта айтылды. Цифрлық технологиялардың дамуымен қатар, алаяқтықтың түрлері де көбейіп кеткендігі, оған қарсы тұру үшін қоғамның экономика және қаржы негіздері бойынша білімін арттыру керек екендігін баса айтты.

Президент әскер тақырыбын да айналып өткен жоқ. «Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы – айрықша маңызды міндет. Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты», – дей келе, әскердегі тәртіп пен заңның сақталуына, әскердегі сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне басшыларының тікелей жауапты екендігін атап көрсетті.

Біз өз тарапымыздан әскердегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуы, әскери қызметтің қауіпсіздігі әрқашан назарда болғандығын, бола да беретіндігін, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін әскердегі тәртіпті күшейте түсу мақсатында нақты іс-шаралар қабылданатынын айтып өткіміз келеді. Ұлттық ұландағы жоспарлы түрде жүргізілетін «Командир сағаты», «Ақпараттандыру», «Жеке тәрбие жұмысы», «Зангер сағаты», «Прокурор сағаты», «Әскери полиция сағаты», «Сұрақ-жауап кештері», «Мемлекеттік-құқықтық дайындық» сияқты тағы басқа да заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған көптеген жұмыс жалғасын таба бермек.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

АЭС – ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУ ШЫҢЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы маңызды мәселелерді қозғады. Осыған орай Қазақстан Жазушылар одағында алқалы жиын өтті. Онда АЭС туралы да кеңінен сөз болды.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына кезекті рет жолданған Жолдауына орай Қазақстан Жазушылар одағында жиын өтті.

Жиынға елге және алыс-жақын шетелге әйгілі ақын-жазушылар, мәдениет, тіл, ғылым саласының майталмандары, зиялы қауым өкілдері және т.б. қатысты. Басқосудың мақсаты – елдегі әділ қоғамның орнауына атсалысып, халықтың әлеуметтік-мәдени тұрмыс сапасын жақсарту. Жиынды Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов жүргізді. Сонымен қатар, жиынға қатынасушылар Жолдаудың халыққа пайдалы жақтарын айтып, тиімді тұстарын ортаға салды. Елде электр тапшылығын шешуге бағытталған Атом электр станциясын салу жөніндегі референдум туралы да ой қозғалды.

Жиынға елімізге және алыс-жақын шетелге мәшһүр ақын-жазушылар, мәдениет саласының майталмандары, ғалымдар, тілшілер және т.б. зиялы қауым өкілдері қатысты. Жиынды Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов жүргізіп отырды.

Басқосудың мақсаты – елдегі өзгерістер мен жаңаруларға үн қосу, ой-пікір бөлісу, ел-жұрттың мұң-мұқтажын жеткізу, түсіндіру һәм Жолдауда айтылған міндеттерді қолдау. Осы бағытта сөз алған қаламгерлер мен шайырлар, қоғам қайраткерлері өз ойларын ортаға салды.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы:

НАҚТЫ ІСТЕРГЕ БАҒЫТТАЛДЫ



Жолдау елдегі өзекті мәселелерге арналды. Мемлекет басшысы Жолдауды 9 бөлікке бөліп, аражігін ажыратып, өзекті мәселелердің шешу жолдарын айтып, бірқатар нақты тапсырма берді. «Бірінші. Ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою қажет», – деп нақтылап өтті. «Екінші. Инвестициялық ахуал

ды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеу маңызды», – деді. Бұл да өте актуалды мәселе. Инвестиция келуіне көп жағдайда кедергілер келіп жатыр деп ойлаймыз. Бірақ әлде де дамытатын нәрселер бар екендігі қозғалды. «Төртінші. Инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу қажет», – деген мәселе қойды. Біз және халқымыз үшін керекті дүние. «Бесінші. Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды», – деп нақтылады. Осы кадр проблемасының қандай болатынын көріп отырмыз. Бір адамды орнынан алып тастаса, кімді әкеледі деп ауызды ашып отыратынымыз белгілі. Білім күнінде Батыс Қазақстан облысында 220 мың мұғалім жетіспейтіндігі сезілді. Балаларды оқыту, баяғы 30 жыл бұрынғы босып қалған ұстаздар қайта келудің қамын білмей дал. Міне, осындай түйткілдер көп болып тұр. «Алтыншы. Ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту керек», – деген болатын. Ұлтымыздың денсаулығын жақсарту бұл кезек күттірмеуі керек. Алдағы уақытта осыған байланысты жұмыстар күшейтілетіні ескерілді.

«Жетінші. Экологиялық ахуалды жақсарту – алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі. Біз қоғамда қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кеңінен дәріптеуіміз керек», – деген еді. Әсіресе, экология өте нашар. Батыс пен шығыс өңірлердегі экоахуал қиын. Атырау сияқты қалаларда жазда өмір сүру мүмкін емес. Міне, осыны жақсарту адамның ішкі мәдениетіне байланысты. Елді, алпауыт компанияларды басқарып отыратын жандардың мәдениетіне тікелей қатысты. «Сегізінші. Мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін барынша арттыру керек», – делінді. Әлі күнге дейін мемлекетке жалтандап қарап отырамыз. Біздің көптеген шаруаларымызға араласып отыр. Олай болмауы қажет. Шағын және орта кәсіпкерлік жұмыс істеп, ел жағдайы жақсаруы керек. «Тоғызыншы. Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру қажет», – деп түйді. Шынында да, заң мен тәртіп бәріне ортақ болуы тиіс. Көбісі заң-заңға пысықпайды. Олигархтар, алпауыттар заң қағидатының не екенінмен шаруасы жоқ. Олардың өздерінің заңы өзінде. Заң талаптары тек қарапайым бұқараға ғана жүретін сияқты болып кетеді. Мінекей, осының баршасы дөп айтылып, жолданды ғой деп ойлаймыз. Барлық газеттер мен сайттарға, күллі БАҚ-қа Жолдау жарияланды.

Қазақстан Жазушылар одағының міндеті – мемлекеттің игі бастамаларына қолдау көрсетіп отыру.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ,
жазушы-драматург:

ТАПСЫРМА Орындалуы қажет



Мемлекет басшысы Қазақстанның бүкіл проблемасын ашып айтып берді. Жан-жақты мәселелер қамтылған. Сонымен қатар, түйіннің шешілу жолдарын көрсетті.

Біз, зиялы қауым өкілдері бұл жөнінде өз пікірімізді жеткізіп жүрміз. Ең алаңдата-тын нәрсе бар. Айтылған тапсырманың орындалуын қадағалау қажет. Яғни айтылды-жасалды дейтін аксиомамен жұмыс істесек екен. Бірқатар істер атқарылып та келеді. Әсіресе, креативті индустрия бойынша әдебиет пен өнердің даму жолдарын айқындады.

Қазақ еліндегідей кітап шығаруды қаржылай қолдайтын мемлекет дүниеде жоқтың қасы. Жазушылар арасында да белсенді болуы керек. Жолдауда айтылған тапсырмалардың жүзеге асуына мұрындық болсақ дейміз. Бізге барлық жағдай жасалып отыр. Өзім 25 жыл шет елмен жұмыс істеп, бәрін көріп білдік.

Егер бәріміз белсенді болсақ, іс өнеді. Әркім өз құқығын біліп, жапа шекпейді. Сондықтан келелі басқосу жасап, болатын іске қарай бейімделіп, жақсылыққа бет бұрсақ, жағдайымыз жақсарады.

Ұлықпан СЫДЫҚОВ,
ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, профессор:

БАНКТЕРДІ ҚАЙТА ҚАРАЙЫҚ



Биылғы Жолдау өз ерекшелігімен көрінді. Ең негізгісі, әдемі көпірме сөз, мақтану жоқ. Шынайы бүгінгі сүріп жатқан өмір сүріп жатқан қоғамда ылғи айтыла бермейтін, бірден көрінбейтін, қатпар-қатпар күрделі мәселелер анық және ашық айтылды. Соның өзі біздерге үлкен үміт береді. Яки, ілгері басу үшін кемістікті білсең, қай жер жетпей жатқанын түсінсең,

сонда ғана алға жүру болады.

Банк мәселесі күйіп тұр. Ақша-несие саясаты 30 жыл бұрынғы заңмен жұмыс істейді екен. Осы күнгі патша, ол – банк. Қаржы институттарын басқарып отырған ол – олигархтар. Дүние жүзіндегі банктермен салыстырғанда банктеріміздің проценті өте жоғары. Еуропада 2–4% аралығында кредит берсе, бізде басын 18–20% дейді де, бір жылдың

ішінде 2-3 есеге ұлғайып кетеді. Бұл халыққа өте ауыр. Ақыр соңында қарызға батып, төлей алмай жүретіндер көбейді. Осы проблема Жолдауда көтерілді. Ендігі кезекте мұндай олқылыққа жол берілмейтін шығар.

Экономиканы әртараптандыру туралы жиі айтылып жүр. Біздің студенттік кезімізде Алматыда 5–7 өнеркәсіптік зауыт жұмыс жасайтын. Бәрі тип-типыл болды. Мұнай мен газға сеніп отырды доғарайық. Батыл істерге бару керек. Осы жолы бір жақсы нышан көрінді. Жер астындағы қазба байлықты қазып ала бергенше, өңдеу өнеркәсібіне жұмылайық. Өзіміз шығармай, өндірмей, ешқайда бара аламасымыз ақиқат.

Нұрдаулет АҚЫШ,
жазушы, ғалым:

ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ҮНІ ЕСТІЛУІ КЕРЕК



Жолдаудың алдында Қазақстан Жазушылар одағы үлкен үш бастама бастағанын білесіздер. Үш жоба ғой деймін, іске кірісті. Ол жобалардан БАҚ арқылы хабарларсыздар. Демек, кей жағдайларда Қазақстан Жазушылар одағы алдыға қарай келе жатқанын көрсетеді.

Бұрын-соңды Жолдауда жұмысшы мәселесі туралы айтыла бермейтін. Біз жұмысшыларға мән бермейміз. Мемлекет жұмысшыларға табан тіреп тұр. Егер дау болып қалса дереу жұмыстан шығарып жатады. Сонда жұмысшылар жеңіліп жатады. Жұмысшы – орындаушы. Ал жұмыс берушілердің құқығы қалайда жоғары болып тұр. Жұмысшы халқын жазушылар да қолдайды. Жұмыссыз ештеңе өнбейді. Естеріңізде болса, жұмысшылар Кремль сарайында отыратын, депутат болып сайланатын. Қазір барлығы басқаша болып өзгеріп кетті. Қарапайым еңбек адамының үні естілуі керек. Бұл жайында Мемлекет басшысы өте жақсы бастама көтерді.

Ең айтулы іс ол – Атом электр станциясын салу жөнінде еді. Біз қаршы болғанымен, заман алға қарай жылжиды. Барлық жаңа технологиялар мен ғылымның дамыған шыңы – Атом электр станциясы. Атом электр станциясы салынып, оған өз мамандарымыз көптеп жұмылдырылса дейміз.

ТҮЙІН:

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп түйеді. Расында, жоғарыда айтылған ой-пікірдің бәрі жүзеге асу үшін әуелі ынтымақ, сосын өз ісін жетік білетін адал азамат керек-ті. Іргелі іс алға өрлеп, елдің абырой-беделі биік болғай.

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ:

«Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?»

2024 жылғы 6 қазанға тағайындалған республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша ҚР Орталық референдум комиссиясының отырысы өтті.

Жиында «Республикалық референдум туралы заңнамадағы жаңашылдықтар туралы», «Республикалық референдумды әзірлеу мен өткізудің ұйымдастырушылық аспектілері», «Республикалық референдум қарсаңындағы үгіт туралы», «Республикалық референдумды өткізу кезіндегі шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушылары, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қызметінің кейбір мәселелері туралы әңгіме өрбіді.

Отырысқа Әділет, Мәдениет және ақпарат, Сыртқы істер, сондай-ақ Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. ВКБ режимінде облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктері аппараттарының басшылары және аумақтық референдум комиссияларының мүшелері қатысты.

Отырысты ашқан ОРК төрағасы Нұрлан Әбдіров, Мемлекет басшысының шешіміне сәйкес атом электр станциясын салу мәселесі азаматтардың пікірін ескеру мақсатында жалпыұлттық референдум арқылы шешілетінін атап өтті. Референдумға қойылған мәселе мынадай: «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділ Қазақстан: Заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында алдағы референдум кең ауқымды жалпыұлттық диалогтың тағы бір көрінісі және «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудың жарқын үлгісі болатынын атап өтті. Шын мәнінде, жаңа қоғамдық-саяси мәдениет қалыптастырып, негізгі мемлекеттік шешімдерді қабылдаудың жаңа стандарттарының іргесі қалануда.

ОРК басшысы республикалық референдум тағайындалған сәттен бастап тиісті сайлау комиссиялары референдум комиссияларының функцияларын орындайтынын, референдумды дайындауды және өткізуді ұйымдастыратынын түсіндірді.

Бірінші мәселе бойынша Орталық референдум комиссиясының мүшесі Шавхат Өтемісов сөз сөйледі.

Ол ағымдағы жылдың 5 шілдесінде республикалық референдум туралы заңнаманы жетілдіру мақсатында тиісті Конституциялық заңға түзетулер қабылданғанын хабарлады. Спикер референдум туралы жаңартылған заңнаманы түсіндірді. Негізгі жаңашылықтардың қатарында – ұлттық және халықаралық байқаушылардың, сондай-ақ шетелдік БАҚ өкілдерінің құқықтары мен міндеттерін бекіту бар. Бұрын бұл мәселе референдум туралы заңнамамен реттелмеген, осыған байланысты сайлау туралы Конституциялық заңға сілтеме нормасы көзделген.

Сондай-ақ, жаңартылған заңнамада бұқаралық ақпарат құралдарының референдумды әзірлеу мен өткізу барысын жария ету тәртібі айқындалады. Осы мәселеде біріншай қолдану практикасы мақсатында сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес өзгерістер енгізілді.

Референдум өткізу кезеңінде қоғамдық пікірге сауал салу жүргізудің негізгі аспектілері түсіндірілді, олар түзетулерге орай сайлау заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

Сонымен қатар, жаңартылған референдум туралы заңнамада референдум комиссиясының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану мәселесі де нақты регламенттелген.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Орталық референдум комиссиясы Төрағасының орынбасары Константин Петров баяндама жасады.

Ол науқанның жалпы ұзақтығы, тағайындалғаннан дауыс беру күніне дейін 35 күн болатынын хабарлады. Дауыс берушілердің тізімдерін жасау бойынша жұмысты жергілікті атқарушы органдар тағайындалғаннан кейін бірден бастайды. Дауыс беруден 20 күн бұрын, яғни 15 қыркүйекте тізімдер референдум учаскелеріне және электрондық түрде Орталық референдум комиссиясына беріледі.

Азаматтардың уақытша болатын орындарында құрылған референдум учаскелері бойынша республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдері азаматтарға танысу үшін дауыс беру күніне 5 күн қалғанда ұсынылады.

Сайлау туралы Конституциялық заңда азаматтардың болу орнын ауыстырған кезде дауыс беру құқығына есептен шығару куәлігі бойынша дауыс беру құқығы көзделген. Есептен шығару куәлігі бір елдімекен шегінде референдумның басқа учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін азаматтарға берілмейді.

Референдумды ұйымдастыру үшін референдум учаскелерінің екі түрі тартылатын болады: азаматтардың тұрғылықты жері бойынша және азаматтардың уақытша болатын жерлерінде құрылған.

• Бюллетеньдер референдум учаскелеріне дауыс беруге дейін 3 күннен кешіктірілмей және 1 күннен кешіктірілмей жеткізіледі. Дауыс беру 6 қазанда таңғы 7.00-ден 20.00-ге дейін өтеді.
• Референдум учаскелерінің жалпы саны – 10 327 (оның ішінде азаматтардың тіркелген жері бойынша – 7099, уақытша болатын жерлерінде – 618), оның ішінде шетелдік учаскелер – 78 (63 елде). Референдум комиссиялары мүшелерінің саны 70 049 адамды құрайды.

Ағымдағы жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша сайлаушылар тізіліміне тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркелген 12 176 968 азамат енгізілді. Азаматтарға тізімдерде өздерін тексеруге және дауыс беруге арналған учаскенің орналасқан жерін білуге мүмкіндік беру үшін жергілікті атқарушы органдар тиісті онлайн сервистер мен интернет-ресурстарды қолдану практикасын жүргізеді.

Үшінші мәселе бойынша ОРК мүшесі Анастасия Щегорцова баяндама жасап, республикалық референдум өткізу кезеңіндегі үгіттің негізгі аспектілерін түсіндірді.

Мәселен, республикалық референдум туралы Конституциялық Заңның 7-бабының 1-тармағына сәйкес Республиканың азаматтары мен қоғамдық бірлестіктері референдумға шығарылған мәселеге өз пікірін «жақтап» немесе «қарсы» айту құқығына кепілдік беріледі, бұл үгіт болып саналады.

Үгіт плакаттар, парақшалар, баннерлер және басқа да электрондық және баспа материалдарын шығару арқылы жүргізілуі мүмкін. Сондай-ақ, заңда жиналыстар, митингілер, азаматтар жиындарын өткізу және бұқаралық ақпарат құралдарында үгіт жүргізу көзделген.

Бұл ретте заңнамада үгіт жүргізу кезінде белгілі бір шарттардың сақталуы көзделген.

Барлық үгіт материалдарында осы материалдарды шығарған ұйым, олардың басылған орны мен таралымы, оларды шығаруға жауапты тұлғалар туралы мәліметтер болуға тиіс. Анонимді үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады. Конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, Республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғысқа, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық үстемдікке, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуға үгіттеуге жол берілмейді. Үгіт материалдарын орналастыру меншік иесінің келісімімен арнайы бөлінген орындарда және өзге де объектілерде жүзеге асырылуға тиіс. Жабық үй-жайлардан тыс үгіт (жиналыстар, митингілер) бейбіт жиналыстар туралы заңның талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Үгіт референдум тағайындалғаннан кейін басталады. Бұл ретте референдумның алдында-



ғы күні (үнсіздік күні) және референдум өткізілетін күні үгіт жүргізуге тыйым салынады. Дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерде бұрын ілінген баспа үгіт материалдары, плакаттар сол орындарда сақталса, болады.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша ОРК хатшысы Мұхтар Ерман баяндама жасап, Қазақстанда республикалық референдумда халықаралық байқау институтының ашылғаны туралы хабарлады.

Спикер Қазақстан Республикасы көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі ретінде халықаралық байқау институтын ашу бойынша өзінің халықаралық міндеттемелерін тұрақты орындайтынын атап өтті.

Республикалық референдум туралы Конституциялық заңның 6-бабының 4-тармағына сәйкес референдум өткізу кезінде шет мемлекеттерден және халықаралық ұйымдардан аккредиттелген байқаушылар, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады.

Қазақстанда шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары Орталық референдум комиссиясының Төрағасы мен Сыртқы істер министрінің шақыруы бойынша референдумды байқауға қатыса алады. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша ОРК жанынан аккредиттеледі.

Ағымдағы сайлау науқанында аккредиттеуді жүргізу Астана уақыты бойынша сағат 18.00-де дауыс беру күніне 5 күн қалғанда, яғни 2024 жылғы 30 қыркүйекте аяқталады.

Күнтізбелік жоспар бекітілді

ОРК отырысы барысында 2024 жылғы 6 қазанға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары бекітілді, республикалық референдум құжаттарының нысандары белгіленді, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдерімен жұмысты ұйымдастыру туралы, республикалық референдум өткізу кезінде мүгедектігі бар адамдар үшін жағдайларды қамтамасыз ету туралы мәселелер қаралды. ОРК Төрағасы өңірлерден келген референдум комиссиялары мүшелерінің назарын күнтізбелік жоспарда көрсетілген барлық іс-шаралар белгіленген мерзімдерге сәйкес жүргізілуге тиіс екендігіне аударды. Жергілікті атқарушы органдарға республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімін қалыптастыру бойынша жұмысты жандандыруды, республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізуді тексеру бойынша ақпараттық сервистердің (Call-орталықтардың, цифрлық сервистердің, интернет-ресурстардың) жұмыс істеуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Орталық референдум комиссиясының басшысы сондай-ақ әкімдіктерге референдум учаскелерінде мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтарын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдауды тапсырды.

Орталық референдум комиссиясының басшысы отырысқа қатысушыларды ОРК мүшелерінің референдумды әзірлеу мен өткізу мәселелері бойынша өңірлерге инспекциялық сапарлары жоспарланғандығы туралы хабардар етті. Атап айтқанда, халықты ақпараттандыру, дауыс беру күніне учаскелердің дайындығы және азаматтардың дауыс беруі үшін, оның ішінде мүгедектігі бар және дауыс беру кезінде ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін қажетті жағдайлар жасау мәселелері қарастырылады.

Отырыстан кейін бұқаралық ақпарат құралдары үшін дәстүрлі брифинг өтті.

● БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровті қабылдады.



Президентке жанартылған заңнамаға сай республикалық референдумға дайындық және ұйымдастыру жұмыстары жөнінде мәлімет берілді. Орталық сайлау комиссиясының даму стратегиясын іске асырудың негізгі аспектілері баяндалды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

● ДЕРЕК

• АЭС бойынша референдум өткізуге арналған шығындар сомасы 15,5 млрд теңге (немесе 33 млн доллардай). Бұл сома шетелдегі және еліміздегі сайлау учаскесінде республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу шығындарын қамтиды.

• 15,5 миллиард теңгенің 11 005 000 000 сомасын Орталық референдум комиссиясы дауыс беру учаскелеріндегі қызметкерлердің жалақысына жұмсауды жоспарлап отыр.

• Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, референдум комиссияларына Қазақстан бойынша 70 мың қызметкер тартылады. Қарапайым есептеулер бойынша, олардың әрқайсысы шамамен 157,2 мың теңге алады.



САРАПТАМА

Елімізде жаңа саяси маусым басталды. Маусым саяси науқанмен басталмақ. 6 қазанда АЭС салуға байланысты республикалық референдум өтпек. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында мәлімдеді. Референдум тікелей демократияның көрінісі. Сондықтан азаматтарымыз осындай ел үшін маңызды мәселеде белсенділік танытқаны абзал. Себебі, энергетикалық тапшылықтан бейбіт атом энергиясы құтқарады.



(Фотодереккөз: Getty Images)

БЕЙБІТ АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ

энергетикалық тапшылықтан құтқарады

АЛДАҒЫ РЕФЕРЕНДУМДА АЗАМАТТАРДЫҢ
САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІ ҚАЖЕТАлматылықтарға
немқұрайлылық
жараспайды

Президент 2019 жылғы халыққа Жолдауында еліміздің ұстанымы «Ел бірлігі – оның әралуандылығында» екенін мәлімдеген болаты. 2022 жылы Ұлттық Құрылтайдың алғашқы отырысында: «Біз «Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануымыз қажет. Бір-біріміздің ой-пікірімізді тыңдап, құрметтей білсек, алға қадам басамыз», – деп өзінің саяси көзқарасын аша түскен еді. Алматы қаласын Президент ұстанымына сай келетін кішігірім модель деп айта аламыз. Себебі, Алматы – Қазақстан тарихында айрықша аты мен заты, ерекше орны бар алып мегаполис.

Қалада мәдени, саяси әралуан топ шоғырланған. Бір жағы дәстүрлі құндылықтарды ұстанса, екінші жағы модернистік көзқараста. Либералды құндылықтарды ұстанатындармен қатар, консервативті ойлайтын әлеуметтік-саяси топтар бар. Тіпті, саяси өмірге немқұрайлы қарайтын қалалықтар да бар. Оларды саяси ғылымда абсентеистік көзқарасты ұстанатындар деп атайды.

Мысалы, 2022 жылы 5 маусымда Конституцияға өзгерістер енгізу мәселесі көтерілген республикалық референдум өтті. Алайда, оған 33%-дан сәл асатын дауыс беруге құқылы алматылықтар қатысты. Республика бойынша сайлауға қатысу көрсеткіші 68%-дан асқанын ескерсек, Алматы үшін бұл аз көрсеткіш. Сондықтан алдағы референдумда қала тұрғындары саяси белсенділік танытып, дұрыс таңдау жасағаны жөн. Себебі, атом энергиясына көшу – әлемдік тенденцияға айналуға.

АЭС-ке көшу –
әлемдік тенденция

Атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану бүгін пайда болған мәселе емес. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталар тұста АҚШ алғаш рет атом қаруын әскери мақсатта қолданған еді. 1945 жылдың 6 және 9 тамызы АҚШ тарихында ғана емес, адамзат тарихындағы қаралы күндерге айналды. Соған байланысты АҚШ Президенті Дуайт Эйзенхауердің бастамасымен атом энергетикасын бейбіт мақсатта қолдану жүзеге аса бастады. Осы бастаманың арқасында көпшілікке МАГАТЭ деген атаумен белгілі Халықаралық атом энергиясы агенттігі құрылды.

Агенттік БҰҰ құрамына кіреді. Оның мақсаты – атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану аясында әлем елдерін біріктіру. Сонымен қатар, атомның саяси-әскери

мақсатта қолданылуына тосқауыл қою да аталмыш мекеменің негізгі мақсаттарының бірі.

МАГАТЭ жыл сайын әлемдегі АЭС-тердің жұмысы, іске қосулы реакторлардың саны жайында және тұтас атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану аясында сараптамалық материал дайындайды. Бұл сараптамаларға көз жүгірте отырып, әлем елдері қайда бара жатқанын білуге болады. Былтырғы есеп бойынша әлемде 403 реактор жұмыс істеп тұрған. Атомдық энергия өндірісі бойынша бірінші орында АҚШ (93), екінші және үшінші орында тиісінше Франция (56) мен Қытай (55) тұр. Қытай бес энергоблоқтың құрылысын бастай отырып, жаңа қондырғыларды салу саласында көшбасшылықты бермей отыр.

Атом энергиясын дамытуға Мысыр да кіріскен екен. Олар АЭС-тің екінші энергоблогын салу жұмыстарын бастаған дейді МАГАТЭ сарапшылары.

Ұйымға мүше мемлекеттердің Энергетикалық реакторлар жөніндегі ақпараттық жүйеге берген деректеріне сәйкес, былтыр АЭС-те өндірілген энергия көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 2,6 пайызға өскен. Атомдық энергияға бұрынғысынша әлемде өндірілетін барлық энергияның 10 пайызға жуығы тиесілі. Бұл деректер МАГАТЭ-нің жақында жарық көрген екі жыл сайынғы «Nuclear Power Reactors in the World» және «Operating Experience with Nuclear Power

Stations in Member States» басылымдарында келтірілген.

Жоғарыдағы кесте ұйымның былтырғы есебінен алынды. Бұл туралы газетіміздің 18 шілдедегі санында да жазған болатынбыз. Осы кестеге қарап-ақ АЭС салуға қарсы тараптың пікіріне жауап беруге болады. Қарсы тарап басты аргумент ретінде Германияның АЭС-тан бас тартуын, әлемдегі өндіретін энергияның аз ғана бөлігін атом энергиясы қамтитынын айтады. Алайда, мынаны ескеру қажет. Жапония 2011 жылғы Фукусимадағы апатқа байланысты бүкіл АЭС-ін жапқан жоқ. Тіпті, елдегі энергия өндірісінің тек 5,6%-ын АЭС берсе де бас тартпаған. Қытайда да энергияның 4,9%-ын ғана АЭС береді екен. Алайда, олар керісінше, жаңа реакторларды іске қосуда. Аумағы кішірек Корей Республикасында 26 реактор жұмыс істейді. Сондықтан алдағы референдумда эмоцияға берілмей, таразыға салып дұрыс шешім қабылдаған жөн.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ПІКІР

Ғалымжан КЕРІМБЕК,
экономика ғылымының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті «Қаржы және есеп»
кафедрасының доценті:

АЭС-ТІҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ӘСЕРІ ЖОҒАРЫ

Ядролық энергетика – бұл электрмен жабдықтауға кепілдік беретін, ластаушы шығарындыларды тоқтататын, сыртқы энергияға тәуелділікті азайтатын және тұрақты электр энергиясын өндіретін энергия көзі. Атом энергетикасы әлемдегі электр энергиясының шамамен 15%-ын құрайды.

Бүгінде әлемнің 30-дан аса елінде 400-ден аса ядролық энергетикалық реакторлар жұмыс істейді. Энергетика мен қоршаған ортаның алдында тұрған қиындықтарды түсіне отырып, бұл елдер атом энергиясын өз елдерінің бүгінгі мен болашағының маңызды көзі деп санайтындықтан, жаңа зауыттар салуда. Қытай – әлемдегі ең көп реакторларды салған ел. Оның 55 қондырғысы жұмыс істеп тұр. Екінші орында құрылысы қарқын алған сегіз реакторы бар Үндістан, төрт реакторы бар Ресей мен Түркия, үшеуі бар Оңтүстік Корея тұр. 2022 жылы Египет өзінің алғашқы АЭС-ның құрылысын бастады.

Кейбір елдерде жедел нейтронмен жұмыс істейтін тиімді реакторлар іске қосылған. Оның ең алғашқысы Қазақстанда салынған. Ол Ақтау қаласын тұщы сумен, электр энергиясымен қамтамасыз етеді. ХХ ғасырдың соңында дүниежүзіндегі АЭС-тердің жалпы қуаты 500000 МВт жетті. Ядро энергиясынан электр тоғын тікелей (турбинасыз, электр генераторсыз) алу жолдары да зерттелуде. Әсіресе, термо ядролық энергияны игеру ісіне халықаралық қауымдастықтар атсалысып жатыр. Ондай АЭС-тер адам баласының тұтынуына қажет энергия мәселесін түпкілікті шешетін болады. Қазақстанда АЭС-тің орналасу аймағы ретінде Абай облысындағы Курчатов қаласы және Алматы облысындағы Үлкен ауылы таңдалған.

Қазақстандағы АЭС еліміздің энергетикалық саясатының маңызды бағыты болып табылады. Болашақта Қазақстанда атом энергетикасын дамытудың бірнеше елеулі артықшылықтары бар екенін атап өтуге болады:

- АЭС елді энергиямен қамтамасыз ету көздерін әртараптандыруға, көмір мен газға тәуелділікті азайтуға және энергиямен қамтамасыз етудің тұрақтылығын қамтамасыз етуге әсер етеді. Өйткені, АЭС үздіксіз жұмыс істейді және ауа райы жағдайына тәуелді емес.
- Заманауи технологияларды енгізу АЭС-тың жоғары тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, атом энергетикасы еліміздің технологиялық дамуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді.

Қазақстан халқына Жолдауында: «Күн өткен сайын экономикамызға мол энергия қажет болып жатыр. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады», – деді Президент. Мемлекет басшысының АЭС салу туралы мәселені көтеруі – мемлекетіміздің маңызды шешімі болмақ.

Айта кету керек, Қазақстанда өз атом станциясы болған. Еліміздегі жалғыз АЭС Ақтауда 1973–1999 жылдар аралығында жұмыс істеді. Бүгінде Қазақстанда атом энергиясы қолданылмайды. Елімізде АЭС салу мәселесі жиі көтеріліп отыр. Мәселен, 2015 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаев пен Жапония премьер-министрі Синдзо Абэнің кездесуінде елімізде АЭС-ті жапон технологиясы бойынша салу туралы келісім болған. АЭС жайлы түсінік болуы үшін, бірінші кезекте мұның біз күнделікті қолданатын электр энергиясын алудың бір жолы ғана екенін ұғынуымыз қажет.

- Бүгінге дейін еліміз электр қуатын ЖЭС және СЭС арқылы алып келеді. Біз қолданып жүрген электр қуатының 90 пайызға жуығы ЖЭС-нан алынған. Елімізде электр энергиясының 70 пайызы көмірден, 14 пайызы СЭС-нан, 10 пайызы газдан және 5 пайызы мұнайдан алынады.
- Электр энергиясының жеткіліксіздігі қазірдің өзінде байқалады. Сондықтан Қазақстан электр энергиясын көрші елдерден импорттайды.
- Электр өндірудің балама жолы – АЭС – атом ядросының энергиясын электр энергиясына айналдыратын қондырғы.
- Атом электрін алудың үш кезеңі бар. Біріншісі ураниан ядролық энергия алу, одан жылу энергиясына өту кезеңі, ал одан кейін механикалық энергияға өту жолы. Бу турбинаны қозғап, электр генераторын жұмысқа келтіреді. Алдағы 50 жылда адамзат тарихта осы күнге дейін қолданған энергиядан да көп қуат көзін талап етеді. Бұл барлық технологияның электр қуатымен жұмыс істеуге көшуіне байланысты.

ҰЛЫ ДАЛА ДҮБІРІ

V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛЕТІН ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ІРІ ЖАРЫС



(Басы 1-бетте)

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі Дирекция басшысының орынбасары Абылай Қондыбаев ОКҚ алаңында хабарлағандай, Ойындарда 21 спорт түрі бойынша 97 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Медальдің жалпы саны – 581 дана. 5-ші Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарының жалпы жүлде қоры – 250 млн тг. Ойындар аясындағы ғылыми бағдарламаға 12 елден 75 қатысушы тіркелген.

Атап айтқанда, ғылыми бағдарлама бойынша Әзербайжан, Ұлыбритания, Қытай, Оңтүстік Корея, Қырғызстан, Моңғолия, Ресей, АҚШ, Түркия, Өзбекстан елдерінен мамандар қатысады. Ғылыми бағдарлама 9–11 қыркүйек аралығында өткізіледі. «Ал мәдениет бағытында Этноауылда 100-ден астам мәдени іс-шара өтеді және барлығы 5600 қатысушы бар. Біздің бар-

ОЙЫНДАР ТАРИХЫНАН

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары алғаш рет Қырғызстанда өтті. Чолпон-Ата қаласы халықаралық жарыстарды үш рет қабылдады:

- 2014 жылы – 19 елден 583 спортшы қатысты (10 спорт түрі).
 - 2016 жылы – 62 елден 1200 спортшы қатысты (26 спорт түрі).
 - 2018 жылы – 82 елден 2000 спортшы қатысты (37 спорт түрі).
- 2022 жылы Түркияның Изник қаласында 4-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өткізілді. Оған 82 елден делегация келді. 13 спорт түрінен 3000 спортшы қатысты.

лық өңірлерімізден «Бірлік керуені» жобасы аясында келетін шығармашылық ұжымдар, 200-ге жуық колөнершілер және айтыскерлердің қатысуы осы Этноауыл аймағында өтеді. Этноауыл өзінің жұмысын 7 қыркүйек күні бастайды», – деді спикер.

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары туралы 1355 номері арқылы байланыс орталығынан үздіксіз ақпарат алып отыруға болады. Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қонақтарды қабылдау үшін 20 астаналық қонақүй мен 331 көлік құралы жұмылдырылады. Қатысушылар үшін қонақүйлерден спорттық нысандарға арнайы автобустар ұйымдастырылады.

8 қыркүйек күні сағат 14.00-ден бастап «Астана Арена» стадионында өтетін 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының Ашылу салтанатына қатысушыларды автобустармен жеткізу ұйымдастырылады. Ойындар кезінде қоғамдық көліктер тоқтатылмайды. Сондай-ақ, 7–13 қыркүйек аралығында жарыс күндері көрермендер үшін арнайы шаттл-бастар ұйымдастырылады.

Әр күні сағат 8.00-ден 21.00-ге дейін «Астана Арена» стадионы, ЭКСПО және Республикалық Бас мешітте автобустар жанкүйерлерді спорттық нысандарға ақысыз тасымалдайды.

Ересектерге арналған билеттердің құны 1000 теңгеден 15 000 теңгеге дейін құрайды. Ал билеттердің орташа бағасы – 3600 теңге. Зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға, оқушыларға жеңілдіктер мен арзандатылған бағалар қарастырылған.

Қазіргі таңда Ойындар алдында волонтерлер белсенді жұмысқа кірісті. Ойындар кезінде Дирекция тарапынан 1300 волонтер қызмет атқарады. Волонтерлерден ойын алдында барлығы 4500-ден астам өтінім келіп түсті, оның ішінде Қырғызстан, Өзбекстан, АҚШ, Түркия, Германия, Франция, Испания, Корея, Түркіменстан және Гана Республикасынан ниеттілер кездесті.

«Сондай-ақ, Ойындарға әлемдік және қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының қызығушылығы өте жоғары болды. БАҚ-қа арналған аккредитацияға жалпы 64 елден 1185 өтінім келіп түсті. Атап айтқанда, отандық журналистерден 815 өтінім, шетелдік БАҚ-тан 370 өтінім келді. Оның ішінде, 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын жан-жақты насихаттау мақсатында 92 журналист және танымал блогерлер тіркелген. Олардың ішінде CNN, BBC, Euronews, CCTV сынды БАҚ өкілдері бар. Миллиондаған аудиториясы бар блогерлер де әлемдік жарысты насихаттаудан тыс қалған жоқ», – деді спикер.

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу рәсімі кезінде 8 қыркүйек күні сағат 16.00-ден бастап «Қазмедиа орталығы» арнайы баспасөз орталығы жұмыс істейтін болады. Ол жерде ашылу салтанатынан тікелей эфир көрсетіледі. Сонымен қатар, 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары барысында «Қазанат» ипподромында, Ж.Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайында, «Алау» мұз айдынында арнайы баспасөз орталықтары жұмыс істейді. Этноауылда шағын пресс-орталық ретінде жабдықталған киіз үй болады.

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары барысында медициналық штабта 150 медициналық қызметкер жұмыс істейді. Сонымен қатар, 23 ветеринар жарыс алаңында қызмет атқарады. Көшпенділер ойындарына шамамен, 560 спорттық ат қатысады. Олардың 114-і – ұлттық құраманың барлық спорт түрлеріндегі аттары, 300-і – басқа елдерден аттарын әкелмеген қатысушылар үшін Дирекция жалға алған аттар. Қырғызстан, Моңғолия, Қытай Халық Республикасының қатысушылары да өз аттарын алып келеді.

Көшпенділер ойындарына қатысатын жылқылар «Арғмақ» ат спорты кешенінде және «Қазанат» ипподромында орналастырылады. Бұл жерде барлық қатысатын жануарларға орындар дайындалды.

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – этникалық спорт түрлерінен өткізілетін халықаралық спорт жарыстары. Бұл жарыстар Орталық Азияның тарихи көшпелі халықтарының ұлттық ойындарына негізделген.
- Дүниежүзілік көшпенділер ойындары адамзат өркениетінің мұрасы ретінде этносportтық және этномәдени қозғалысты дамытуға бағытталған.
- Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне кіреді.

Дәстүрлі «Құсбегілік» аңшылық өнер сайысына 45 жуық құс қатысады. Бұл ұлттық құраманың құстары, сондай-ақ Моңғолия мен Қырғызстаннан қырандар, сұңқарлар мен қаршығалар келеді деп күтілуде. Құстар Астаналық циркте орналастырылады. Көшпенділер ойындарына қатысатын жануарларды орналастыруға арналған барлық орын қажетті ветеринариялық-санитарлық стандарттарға сай келеді.

«Ойындардың жабылу салтанаты 13 қыркүйек күні Этноауылда өткізіледі. Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарын келесі қабылдайтын ел белгілі болды. 6-шы Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарын Өзбекстан өткізеді деп жоспарлануда. Бүгінгі таңда 89 елден қатысуға өтінімдер алдық. Көшпенділер ойындары – бұл бүкіл әлем үшін жаңа және қызықты құбылыс, сондықтан оған деген қызығушылық артып келеді», – деді 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі Дирекция басшысының орынбасары Абылай Қондыбаев ОКҚ алаңында өткен брифингте.

Бүгінде Ойындардың географиясы кеңейді, Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарына алғаш рет қатысатын елдер де бар. Он жыл ішінде әлемдік Ойындарға алғаш рет барлық құрлықтан елдер қатысты. Мысалы, қатысушы елдер арасында Қазақстанға келетін ең алыс ел Австралия болмақ. Жаңадан қатысатын елдер арасында Венесуэла, Ирландия, Гамбия сынды мемлекеттер бар.

АЙДЕНТИКА

Ресми логотиптегі айдентиканың маңызды элементі – күншуақты шабандоз. Ол Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының барлық логотиптерінде болған. Логотипте қою қызыл түсті элементтер қолданылады. Бұл түс ақық дейтін жартылай асыл тастың қарапайымдылығы мен әсемдігін бейнелейді. Ақық өзінің қызыл реңкімен қан мен отқа ұқсайды және өмірлік энергиямен, жүрекпен және күнмен ассоциацияланады. Камшы, белбеу және дәстүрлі зергерлік бұйымдар сияқты тұрмыстық заттар ақықтың күнгірт түстерімен безендірілген. Логотиптің мәтіндік бөлігі VIII–X ғасырлардағы руникалық түркі жазуына стильденген қаріппен жасалған.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ұлы даланың ұлылығы, ежелгі дәстүрлердің байлығы мен көшпелі мәдениеттің мәңгілік рухы жаңғырады. Бұл оқиға – өткенді шолып, оның ырғағын сезіну және мәдени мұрамен қауышудың ұмытылмас сәттерін сезінуге бірегей мүмкіндік.

Астана қаласының ең үздік спорт алаңдарында 21 спорт түрінен жарыстар өткізіледі. Атап айтқанда: ат жарысы, ұлттық күрес түрлері, дәстүрлі зияткерлік ойындар, жекпе-жектен жарыстар, дәстүрлі садақ ату, құс салудың

ұлттық түрлері, ат үстіндегі сайыстар және т.б. Ойындарда 97 медальдар жиынтығы сарапқа салынады.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының инфрақұрылымында елордамыздағы «Астана Арена» стадионы, «Қазанат» ипподромы, Ж.Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайы, «Алау» мұз сарайы, «Qazaqstan» жеңіл атлетика спорт кешені, «Думан» кешені сияқты нысандар бар.

«Қазанат» ипподромы мен Этноауыл аумағында ат жарысы, дәстүрлі садақ ату және құс салудың ұлттық түрлерінен жарыстар, ат үстіндегі сайыстар бойынша жарыстар өткізіледі.

Ж.Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайы мен «Алау» мұз сарайында ұлттық күрес түрлерінен, жекпе-жек түрлерінен және халық ойындарынан жарыстар ұйымдастырылады. «Думан» кешенінде дәстүрлі зияткерлік ойындар бойынша жарыстар өткізіледі.

Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде Ойындарға Аккредиттеу жүргізіледі және Жабықтау орталығы орналасады.

Қазанат ипподромының оңтүстік-батыс жағындағы іргелес 10 га аумақта орналасқан «Көшпенділер ғаламы» этноауылы Ойындардың мәдени бағдарламасын жүзеге асыруда негізгі алаңға айналады, сондай-ақ, мәдени бағдарлама Астана қаласының әртүрлі нысандарында (алаңдарда, саябақтарда, басқа да қоғамдық орындарда, театрларда, концерт залдарында, кинотеатрларда, мұражайларда, көрме павильондарында және т.б.) өткізілмек.

Ал Ойындардың ғылыми бағдарламасының іс-шаралары Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайында өтеді.

«КӨШПЕНДІЛЕР ӘЛЕМІ» ЭТНОАУЫЛЫ

Астанадағы 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында, 10 гектар аумақта, «Қазанат» ипподромының жанында «Көшпенділер Әлемі» атауымен этноауыл орналасады. Онда әрбір қонақ қазақ халқының бай әлеміне еніп, көшпенді халықтардың өзіндік мәдениетімен таныса алады.

7 қыркүйек күні этноауыл өз шымылдығын айқара ашып, барлық қонақтарды таңғажайып ашылу салтанатына шақырады. Жалпы, Ойындардың мәдени бағдарламасы аясында іс-шаралар легі кең. Этноауылда қазақ халқының бай мәдени мұрасы мен дәстүрлерін көрсететін «Шаттық керуені» атты керемет шеру өтеді.

«Өнер ордасы» сахнасында күн сайын сағат 12.00-ден 17.00-ге дейін еліміздің түкпір-түкпірінен келген үздік аймақтық ұжымдар өнер көрсететін «Думанды дала» концерттік қойылымдар өтеді. Этнофольклорлық ансамбльдер, қазақ ұлттық оркестрлері, солистер және би ұжымдары дәстүрлі этникалық стильде өнер көрсетеді.

Кешкі бағдарламада сағат 18.00-де қонақтарды қазақстандық эстрада жұлдыздары мен халықаралық ұжымдардың, оның ішінде «Ар-каим» аспаптық дуэті, «Бірлік» ән-би ансамблі, әлем халықтарының биін орындаушы Әнел Марабаева, «Хазар» , «Steppe Sons» этноотпары, «The Nomads Fire» жобасы және бірегей мультиаспапшы Еділ Хусановтың қатысуымен өтетін «Ұлы дала үні» гала-концерттері күтеді. Бас сахнадағы барлық концерттер ашық аспан астында өткізіледі.

Этношатыр алаңында колөнер шеберлері мен дарындылар әлемімен таныс боласыздар. Күн сайын сағат 14.00-де еліміздің үздік айтыскерлері домбыра мен сөздің күшін сынайтын Айтыс музыкалық- поэтикалық сайысы өтеді.

Бұл – бағдарламаның тек бір бөлігі ғана! Этноауылда «Шығыс базары» ашылады, сондай-ақ ұлттық тағамдар мейрамханаларынан дәм тату ұйымдастырылады, қонақтарға қазақтың дәстүрлі тағамдары ұсынылады.

Этноауыл аумағындағы «Шеберлер ауылынан» түрлі кәдесыйларды сатып алуға болады. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген екі жүзден астам колөнерші өздерінің бірегей бұйымдарын таныстырып, шеберлік құпияларымен бөліседі. Қонақтар зергерлік өнер, былғары өңдеу және керамикалық мүсін жасау бойынша шеберлік сабақтарына қатыса алады. Ал ата-аналарымен келген ішкентай көрермендер «Балалар алаңында» уақытты көңілді әрі өте пайдалы өткізе алады.

Этноауылда жоспарлаған барлық іс-шаралар басты мақсатқа қол жеткізуге бағытталған – мәдени мұраны, ұлттық құндылықтарды насихаттау, олардың ұлттық бренді болып табылатын Қазақстан халқының бай тарихы мен мәдениетін насихаттау.

- 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары «Ұлы дала дүбірі» ұранымен өтеді.
- Ойындар үш бөлімге негізделген: спорт, мәдениет, ғылым.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөздер: worldnomadgames.kz; ortcom.kz.)



КИНОЛОГИЯ



«ТАЗЫ – ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚЫ ИТ ТҰҚЫМЫ»

Қазақстанға тазы тұқымының иесі деген мәртебе берілді

«Бүгін сіздердің елдеріңіз үшін де, біз үшін де тарихи күн. FCI Стандарттау жөніндегі комиссиясы мен FCI Ғылыми комиссиясы ұзақ рәсімдерден кейін Бас комитетке осы тұқымды тіркеуді ұсынды. Құттықтаймын! Алдағы уақытта сіздерді 10 жылға созылатын жұмыс күтіп тұр. Осы уақыт ішінде иттердің денсаулығына көптеген тестілер жасалып, жаңадан туған тазы күшіктерінің статистикасы жүргізіледі, бұл деректер FCI Ғылыми комиссиясы үшін қажет. Иттердің денсаулығы мен жай-күйі қазіргі таңда өте маңызды мәселелердің

бірі. FCI Қазақстандағы тазы тұқымының жүйелі дамуын бақылап отырады», деді FCI президенті Тамаш Яккель.

Естеріңізге сала кетейік, қазақы ит тұқымдарын сақтау, сондай-ақ оларды халықаралық деңгейде таныту мәселесі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2022 жылдан бастап ҚР Президенті Іс басқармасының қарауына алынған болатын. Өкілетті орган ретінде Экология және табиғи ресурстар министрлігі белгіленген.

Өткен 2 жыл ішінде осы бағытта

- Бұл шешім – қазақы тазы тұқымын халықаралық деңгейде толық тану, яғни мойындау алдындағы негізгі әрі соңғы кезең.
- Тазы – біздің мәдениетіміз бен тарихымыздың ажырамас бөлігі, сондықтан ұлттық ит тұқымын сақтау әрі насихаттау үшін бар күшімізді салуымыз керек. Бұл күн шежіреде тарихи күн ретінде қалатынына сенімдіміз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бауыржан СЕРІКҚАЛИ,
Қазақстан кинологтары одағының президенті:

«ҚАЗАҚЫ ТАЗЫ» ТҰҚЫМЫНЫҢ АТАУЫ ТҮПКІЛІКТІ БЕКІТІЛДІ

Біз «Kazakh Tazy» дербес тұқымын таныту үшін Халықаралық кинологиялық федерацияның (FCI) барлық талаптарын орындадық. Соның ішінде еліміздің әртүрлі аймақтарында асыл тұқымды иттерді кең ауқымды тексеру жүргізілді. Иттер маңызды генетикалық зерттеулер қамтылған кешенді медициналық тексеруден өтті, соның арқасында қазақы тазының бірегейлігін айқындайтын бұлтартпас айғақтар ұсындық. Тарихи зерттеулерде 4 мың жылдан астам тарихы бар ит тұқымының шығу тегі мен дамуы толық қамтылып, «қазақы тазы» тұқымының атауы түпкілікті бекітілді. Арнайы монотұқымды иттер көрмесін ұйымдастырып, FCI-дың Стандарттау және ғылым комиссиясының мүшелері тазы тұқымына жататын 100 итті зерттеуге мүмкіндік туғыздық. Осы еңбектің нәтижелері негізінде бүгін FCI Бас комитетінің бірауыздан қабылдаған шешімімен қазақ тазысы ресми түрде әлемдік деңгейде танылды. Тазы – біздің мәдениетіміз бен тарихымыздың ажырамас бөлігі, сондықтан біз ұлттық ит тұқымын сақтау әрі насихаттау үшін бар күшімізді салуымыз керек. Бұл күн шежіреде тарихи күн ретінде қалатынына сенімдіміз.

АҚОРДА АУМАҒЫНДА ЕРЕКШЕ МҮСІН ТҮР

«Тазы» мүсіні биыл 20 ақпанда резиденция аумағында орнатылған, деп жазады inbusiness.kz сайты Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Композиция авторы – белгілі қазақстандық мүсінші Мұрат Мансұров.



(Фотодереккөз: t.me/bort_01).

елеулі жұмыс атқарылды: тиісті заңдарға өзгерістер енгізілді, тазы стандарты бекітілді, ғылыми зерттеулер жасалып, асыл тұқымды иттердің байқаулары мен көрмелер өткізілді.

Ит тұқымын Халықаралық кинологиялық федерацияның (FCI) толыққанды мүшесі саналатын Ұлттық кинологиялық ұйымдар арқылы ғана тіркеуге болады.

2023 жылдың тамызында Қазақстан кинологтары одағы Халықаралық кинологиялық федерацияның барлық талаптарын орындап, оның толыққанды мүшелігіне қабылданды. Сөйтіп, өзінің ұлттық ит тұқымдарын жариялау құқығына ие болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөздер: qr-pib.kz; inbusiness.kz).



МОНИТОРИНГ

Халықаралық мультииндикаторлы кластерлік зерттеу:

ТӨРТІНШІ САУАЛНАМА

Мақсат – әйелдер мен балалардың денсаулығы мен әл-ауқатын бағалау, олардың дамуының негізгі көрсеткіштері бойынша сенімді ақпарат жинау.

Қазақстанда халықаралық мультииндикаторлы кластерлік зерттеу (МИКС) басталды. Ол бүкіл еліміз бойынша 24 мың үй шаруашылығын қамтымақ.

ЮНИСЕФ әзірлеген зерттеу 2006, 2010 және 2015 жылдардан кейін Қазақстанда осымен төртінші рет өткізілгелі отыр. Бұл туралы ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы хабарлады.

Сауалнаманың негізгі мақсаты – әйелдер мен балалардың денсаулығы мен әл-ауқатын бағалау, олардың дамуының негізгі көрсеткіштері бойынша сенімді ақпарат жинау. Алынған деректер олардың әл-ауқатын тиімді бақылауға және тиісті шараларды қабылдауға көмектеседі.

2 қыркүйек пен 29 қараша аралығында интервьюерлер еліміздің қалалары мен ауылдарында сауалнама жүргізеді. Сауалнама тұрмыс пен денсаулықтың түрлі аспектілерін, оның ішінде санитарлық тазалықты, білім беруді және басқа да маңызды көрсеткіштерді қамтиды. Барлық сауал тиісті мемлекеттік органдармен бекітілген.

Ерлер мен әйелдерге арналған сауалнамалар жұмыс, білім, неке және менталды саулық сияқты тақырыптарды қамтиды. Әйелдер үшін босану және босанғаннан кейінгі күтім туралы сұрақтар беріледі. Бес жасқа дейінгі балалар даму және тәртіп мәселелері бойынша, ал 5–17 жас аралығындағылар балалар еңбегі мен дағдыларды ерте жастан дамыту мәселелері бойынша сұралады.

Сауалнамаға қатысу ерікті түрде жүргізіледі және жиналған ақпарат тек статистикалық мақсаттар үшін пайдаланылады. Интервьюерлер арнайы киім киіп, барлық байланыс ақпараты бар бейдж тағады.

Сауалнамаға ЮНИСЕФ, Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықты қоныстандыру қоры (ЮНФПА) және Азия даму банкі қолдау көрсетті. 1996 жылы MICS іске қосылғаннан бері 118 елде 355 сауалнама жүргізілді, ал қазіргі 7-ші раундқа 27 мемлекет, соның ішінде Қазақстан да қатысуда.

Қазақстан Республикасы СЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасары Әсел Шауенованың айтуынша, сауалнама Қазақстанның 20 аймағын қамтымақ. Зерттеуге қатысу Қазақстан халқының тұрмыс жағдайы мен денсаулығын жақсартуға көмектесетін маңызды мәліметтерді жинауға көмектеседі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мақсат ТҰРЛЫБАЕВ,
Ұлттық статистика
бюросының
басшысы:

Түсіністікпен қарауға
шақырамыз

Біз интервьюерлеріміз жүгінген үй шаруашылықтарын осындай маңызды процеске түсіністік танытуға шақырамыз.

Сауалнамаға қатысу – Қазақстан халқының тұрмысы мен денсаулығын жақсартуға көмектесетін құнды деректер жинауға мүмкіндік береді.

Рашед Мұстафа САРВАР,
БҰҰ балалар қорының (ЮНИСЕФ)
Қазақстан Республикасындағы өкілі, доктор:

Тиімді шаралар қабылдау үшін қажет

МИКС 2015 жылы өтті, содан бері Қазақстанда өмірдің барлық салалары бойынша елеулі өзгерістер болды. Олар елдегі балалар мен әйелдердің жағдайына тікелей әсер етті. МИКС осы өзгерістерді қадағалауға, прогресті бағалауға және қосымша өзгерістер қажет аймақтарды анықтауға мүмкіндік береді. Уақытылы және тиімді шаралар қабылдау үшін сенімді статистикалық ақпарат қажет.

Алынатын нәтижелер Үкімет пен азаматтық қоғамға балалар мен әйелдердің қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес әлеуметтік бағдарламаларды жоспарлауға және бақылауға көмектесетініне сенімдімін.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

АЛГОРИТМ

«САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ»

Алматының мектеп директорлары мен орынбасарлары жер сілкіністері кезінде әрекет ету алгоритмдерін үйренді

Қандай оқыс жағдай орын алса да, оны сабырмен, сақтықпен қабылдаған дұрыс. Алматы мектептерінің басшылары жер сілкінісі мен өрт кезінде қалай сақтану керектігін үйренді. Алғаш рет өткізіліп отырған кең ауқымды оқу-жаттығу Алматыда ғана емес, бүкіл Қазақстанда өткізілді. Аталмыш шараны қалалық әкімдік пен Төтенше жағдайлар департаменті (ТЖД) ұйымдастырды. Азаматтық қауіпсіздік бойынша бес күндік курста теориялық білім ғана емес, сонымен қатар практикалық тренингтер де қарастырылып отыр.

– Біздің мегаполис сейсμοактивті аймақта орналасқан, сондықтан жер сілкінісі кезінде қалай әрекет ету керектігін білу, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды ғимараттан шығару алгоритмін жаттап алу өте маңызды.

Мәселен, ғимарат қирауларынан кейін болатын екінші дәрежелі факторларды, мысалы, өрттерді және сол жағдайларда не істеу керектігін білу керек. Сондықтан, барлық ықтимал төтенше жағдай түрлерін қарастырған жөн. Бұған қоса, мектеп басшылары алғашқы медициналық көмек көрсете білуі керек. Осы курста алған білімдерін олар өздерінің білім беру ұйымдарында таратады, – деп атап өтті Алматы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері, майор Сандуғаш Баймұхамбетова.

ЖЕР СІЛКІНІСІ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ:

1. Тыныштық сақтаңыз: Жер сілкінісі кезінде ең бастысы – сабырлы болу. Паникаға жол бермеңіз!
2. Қауіпсіз орын табыңыз.
* Егер сіз ғимарат ішінде болсаңыз, онда ең қауіпсіз орын ретінде ішкі қабырғаларға жақын жерде, берік жиһаздың астына (мысалы, үстелдің астына) жатыңыз немесе бұрыштарға арқаңызды сүйеп тұрыңыз. Терезелерден, айналадағы ауыр жиһаздардан, басқа да құлап кетуі мүмкін заттардан алысырақ болыңыз.
3. Ең бастысы – басыңызды қорғаңыз: Егер сіз үстелдің астында болмасаңыз, басыңызды қолдарыңызбен немесе кітап, сөмке сияқты заттармен қорғаңыз.
4. Қозғалмаңыз: Жер сілкінісі тоқтағанға дейін орныңызда қалуға тырысыңыз.

ЖЕР СІЛКІНІСІ ТОҚТАҒАННАН КЕЙІН:

1. Ғимаратты тастап шығыңыз:
* Егер сіз ғимарат ішінде болсаңыз, жер сілкінісі тоқтағаннан кейін ғана сыртқа шығыңыз. Бірақ есіктерді ашқанда абай болыңыз, себебі құлаған заттар немесе қирандылар болуы мүмкін.
2. Лифтілерді қолданбаңыз, тек баспалдақпен шығыңыз.
3. Кайта жер сілкінісі болуы мүмкін екенін есте сақтаңыз: Басты дүмпуден кейін бірнеше минут немесе сағаттан кейін қайталама дүмпулер болуы мүмкін. Сондықтан қауіпсіз аймаққа шыққаннан кейін, ғимараттардан аулақ болыңыз.
4. Адамдарға көмек көрсетіңіз: Егер сізде алғашқы медициналық көмек көрсету дағдылары болса, зардап шеккендерге көмектесіңіз. Басқа адамдарды тыныштандырыңыз және оларды қауіпсіз аймаққа бағыттаңыз.
5. Төтенше жағдай қызметтеріне хабарласыңыз: Егер ауыр жарақат алған немесе өрт шыққан жерлер болса, Төтенше жағдайлар қызметіне (101 немесе 112) хабарласыңыз.
6. Радио немесе басқа байланыс құралдарын пайдаланыңыз: Жер сілкінісінен кейінгі жағдай туралы ресми ақпаратты алу үшін радио немесе ұялы телефон арқылы ақпаратты тексеріңіз.



КЕРЕК КЕҢЕС

Жер сілкінісі кезінде балалар мен оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мынадай әрекеттерді орындау қажет:

- Оқушыларды сыртқа шығару: Мұғалімдер оқушыларды сабырмен және тәртіппен ғимараттан шығаруы керек. Оқушыларды ғимараттан қауіпсіз қашықтықта орналасқан жиналу орнына апарыңыз.
- Ата-аналарды хабардар ету: Оқушылардың ата-аналарына балалардың жағдайы туралы мүмкіндігінше тезірек хабарлаңыз.

ЕСКЕРТУ:

Жер сілкінісі кезінде әрдайым қауіпсіздік шараларын есте сақтаңыз. Мұндай оқиғаларда дайын болу сіздің, басқа да адамдардың өмірін сақтап қалуға көмектеседі.



Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



БРИФИНГ

Таяуда елімізде 11-дегі қыздарды жатыр мойны обырына қарсы вакциналау басталады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы Онкологиялық орталығының онкогинекологиялық бөлім меңгерушісі Райхан Болатбекова айтты.

ЕКПЕНІҢ ЕШ ЗИЯНЫ ЖОҚ

Елімізде жасөспірім қыздарды жатыр мойны обырына қарсы вакциналау басталады

Спикер жатыр мойны обыры елдегі әйелдерде жиі кездесетін қатерлі ісіктердің бірі екенін атап өтті.

«Жатыр мойны обыры әйелдерде онкологиялық аурулар бойынша екінші орында, жыл сайын осы қатерлі дерттің 2000-нан астам жаңа жағдайы тіркеледі. Алматыда былтыр жатыр мойны обырының 223 жаңа жағдайы анықталған. Соңғы онжылдықта ауру 20–30 жас аралығындағы жас әйелдерде жиі кездеседі», – деді ол.

Ұлттық онкорегистрдің деректері бойынша Алматыда жатыр мойны обырының 55%-ы бірінші кезеңде анықталады. Сарапшылар аурудың ерте диагностикасының өсуі оны ерте анықтауға бағытталған скринингтік бағдарламамен байланысты екенін атап өтті.

Маман Қазақстанда жатыр мойны обырын ерте анықтау скринингінің ұлттық бағдарламасы бар екенін еске салды, ол 30 бен 70 жас аралығындағы әйелдерге 4 жыл аралықпен жүргізіледі. Жыл сайын Алматыда 70 мыңнан астам әйел осындай скринингтен өтеді.



«Жатыр мойны обыры – бұл алдын алуға болатын жалғыз қатерлі ісік. Профессор Харальд цур Хаузен жатыр мойны обырының пайда болуындағы адам папилломавирусының рөлін дәлелдегені үшін Нобель сыйлығын алған. АПВ-нің 200-ге жуық түрі бар, олардың 14-і адамдар үшін қауіпті және жатыр мойны обырын ғана емес, сонымен қатар ауыз қуысы мен сыртқы жыныс мүшелерінің қатерлі ісігін де тудыруы мүмкін. Адам папилломавирусының жатыр мойны обырымен байланысының ашылуы осы ауруға қарсы вакциналардың пайда болуына әкелді», – деді спикер.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

КІШКЕНТАЙ ПАЦИЕНТТЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Мегаполисте балаларға оңалту көмегін ұйымдастыру мәселелері талқыланды

Алматыда балаларға оңалту көмегін ұйымдастыру мәселелеріне арналған «Дөңгелек үстел» өтті. Онда кішкентай пациенттерді емдеу және қалпына келтіру тәсілдерін жетілдіруге назар аударылды.

Талқылауға қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері, қаланың штаттан тыс бас оңалтушысы Майя Шегебаева, сондай-ақ балаларға оңалту қызметтерін көрсететін медициналық ұйымдардың басшылары және алғашқы медициналық-санитарлық көмек (МСАК) мамандары қатысты.

Іс-шарада «Ұлттық балаларды оңалту орталығының» психоневрологиялық бөлімшесінің аға дәрігері Әлия Сайлаубайқызының медициналық мекемелердің соны тәжірибесімен және әдістемелерімен бөлісуі ерекше маңызға ие болды.

Кездесудің басты сәтінің бірі Алматыда оңалту жүйесінің ағымдағы жай-күйін зерделеу болды. Осыған байланысты іс-шараға қатысушылар іс жүзінде көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау үшін қаланың бірнеше мамандандырылған медициналық мекемесіне барды. Олардың қатарында «Алау» және «Балдәурен» оңалту орталықтары, №2 қалалық балалар



клиникалық ауруханасы, қалалық Балаларды оңалту орталығы, Балаларды ерте оңалту орталығы және №36 қалалық емхана болды. Сапар барысында мамандар пациенттерге кеңестер өткізіп, одан әрі емдеу және оңалту бойынша ұсыныстар берілді.

Майя Шегебаева «Оңалтудың инновациялық әдістері» және «Жұмыс істеудің халықаралық жіктелуі» тақырыптарында дәріс оқыды. Олар оңалту орталықтарының, бөлімшелерінің және МСАК мамандарына жолданды. Бұл дәрістер тәжірибе алмасуға және

білімнің кеңеюіне ықпал етері сөзсіз. Бұл, әрине, қалада оңалту көмегін одан әрі дамытуға негіз болады.

Осы маңызды іс-шараның қорытындысы Алматыда балаларды оңалту жүйесін жетілдіруге бағытталған бірлескен жұмысты жалғастыру туралы шешім болды. Иә, «Дөңгелек үстелге» қатысушылар оңалту қызметтерінің қолжетімді болуын және сапасын жақсартуға көмектесетін нақты қадамды әзірлеу үшін одан әрі де кездесулер, талқылаулар болуы керектігін айтты.

МӘМС

ҮЗДІК ЕМХАНАНЫ АНЫҚТАЙМЫЗ

Алматылық клиникалар арасында байқау жарияланды

Алматыда бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін емханалар арасында байқау жарияланды. «БМСК көшбасшысы» байқауын Медициналық сақтандыру қорының Алматы филиалы ұйымдастырып отыр.

Филиал өкілдерінің хабарламасына сүйенсек, 1 қыркүйекте басталған байқау желтоқсанның 15-інде аяқталады. Оған Қормен жұмыс істейтін 76 алматылық емхана түгелге дерлік қатысуы тиіс.

«БМСК көшбасшысы» – Қордың жаңа бастамаларының бірі. Ол пациент қамын жейтін, халық денсаулығын сақтауға барын салатын үздік

емханаларды анықтап, медициналық көмек сапасын жақсартуға ықпал етеді деп сенемін. Себебі, қай-қайсымыз да бас ауырып, балтыр сыздай қалса емханаға қараламыз», – деді Медициналық сақтандыру қоры Алматы филиалының директоры Ілияс Мұхамеджан.

Байқау жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталады.

АПТАЛЫҚ

Елімізде 2–6 қыркүйек аралығында атеросклероз апталығы өтіп жатыр. Оның шеңберінде өңірлерде атеросклерозға байланысты хабардарлықты арттыруға, сондай-ақ осы ауруды емдеудің алдын алу шаралары мен емдеудің заманауи тәсілдерін ілгерілетуге бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Біз салауатты өмір салтының жүрек пен қан тамырлары үшін маңыздылығы туралы жиі естиміз, бірақ олардың саулығы біздің болашағымызға қалай әсер ететіні туралы ойланамыз ба? Қазақстанда жүрек-қан тамырлары аурулары өлім себептері арасында бірінші орында тұр, барлық өлімнің 47%-ы инсульт пен инфарктқа байланысты. Сондықтан жүрек пен қан тамырларының саулығы ұзақ және белсенді өмір сүрудің кепілі болып табылады. Егер сіз қауіптер туралы білсеңіз және уақытылы әрекет

АТЕРОСКЛЕРОЗ

жастарға да әсер етуі мүмкін

етсеңіз, осы аурулардың көпшілігінің алдын алуға болады. Осы тақырыпта Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ кардиология бөлімшесінің кардиолог дәрігері Виталий Павловпен сөйлескен едік.

Дәрігердің айтуынша, атеросклероз – бұл артериялардың ішіндегі бүртік түйіндердің жиналуы. Холестерин, майлардан және басқа заттардан тұратын бұл түйіндер артерияларды тарылтып, қан ағымын шектеп, миокард инфаркті мен инсульт сияқты күрделі проблемаларды тудыруы мүмкін.

Көбінесе ауру көптеген жылдар бойы ешқандай белгілерсіз, артериялардың қатты тарылуына әкеледі. Бұл кезеңде жүрекке немесе миға жүктеменің шамалы артуы да ауыр салдарға әкелуі мүмкін.

«Атеросклерозды кім және қашан тексеру керек? 20 жастан бастап липидті профильге қан анализін тапсыруды және ауытқулар болған жағдайда

кардиологпен кеңесуді ұсынамыз. Сондай-ақ, өмірінде бір рет барлық адамдарға Лп(а) үшін қан анализін тапсырған жөн, бұл да липидтер алмасуының көрсеткіші, ол генетикаға байланысты және өмір бойы өзгермейді. Мұны 40 жастан асқан барлық (тіпті сау) адамдар үшін жасау өте маңызды», – дейді Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ кардиология бөлімшесінің кардиолог дәрігері Виталий Сергеевич.

Ал егер сізде қауіп факторлары болса (темеки шегу, жоғары холестерин, гипертония, қант диабеті, артық салмақ немесе семіздік), онда мүмкіндігінше ертерек және өмір бойы жүйелі түрде жүгінген дұрыс.

Атеросклероз жастарға да әсер етуі мүмкін, әсіресе сіздің отбасыңызда ерте (50 жасқа дейін) инфаркт, инсульт және кенеттен жүрек өлімі болса, онда 2 жасқа толғаннан бастап мүмкіндігінше ертерек тексеруден өткен жөн.

ШҰҒЫЛ ШЕШІМ

Орталық қалалық клиникалық ауруханаға шұғыл түрде түскен науқасқа жасалған электрокардиограммада (ЭКГ) айқын жүрек ауруы және жүрек қағысындағы бұзылыстар анықталды. Науқастың жағдайы жедел араласуды қажет етті, бірақ ол процедуранан қорқып, коронарографиядан бірнеше рет бас тартты.

ДӘРІГЕРГЕ СЕНЕМІН

Мамандар науқасты инфаркттан аман алып қалды



Кардиология бөлімінің меңгерушісі Айна Ибрагимова жағдайды түсіндіргеннен кейін, науқас процедураның қажеттілігін түсініп рұқсатын берді.

Айна Ибрагимова жүргізген коронарография барысында алдыңғы қарыншааралық тармақтың (АҚАТ) толық окклюзиясы

анықталып, тромб тіркелді. Тромб үлкен коронарлық артерияның саңылауын толығымен жауып, науқастың өміріне қауіп төндірген.

Қан ағынын бөгейтін тромб инфарктқа әкелуі мүмкін, егер ол анықталмаса және уақытылы жойылмаса, адам өліп кетуі де мүмкін еді.

Дәрігерлер зардап шеккен артериядағы қан ағымын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін тромбты аспирациялау және АҚАТ баллонды ангиопластикасын жүргізу туралы шешім қабылдады. Отаны интервенциялық хирург Марат Стамбеков жүргізді. Процедура сәтті өтті және науқастың жағдайы тұрақталды. Қазіргі уақытта науқас оңалтудан өтіп, ОҚКА кардиология бөлімінде емдеуді жалғастырып жатыр.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

ДӘМ-ТҮЗЫҢ ТАУСЫЛМАСЫН

немесе қазақтың «ас-тұз» дәстүрі нені білдіреді?

«Ас-тұз» ұғымы қазақ тілінде екі сөздің қосылуынан пайда болған: «ас» және «тұз». Қазақ тіліндегі сөздіктерде «ас-тұз» тіркесі дәстүрлі мәдениет пен наным-сенімдерде тағамның, қонақжайлылықтың символы ретінде қарастырылады. Иә, тұздың асқа қосылуы тағамды толықтырып, оның дәмін арттырады, бұл адамдар арасындағы достық пен татулықты білдіреді. Енді осы тақырыпты кеңінен тарқатайық.

Ұлттық мәдениет

Қонақжайлылық: қазақ мәдениетінде қонаққа ас әзірлеп, оған тұзбен бірге ұсыну – қонаққа құрмет көрсету, оның алдындағы жылылық пен қамқорлықты білдіреді. Бұл дәстүр қонақжайлылықтың көрінісі ретінде бағаланады.

Достық пен татулық: «ас-тұз» ұғымы бір үстел басында отырып, бірге тамақтануды, осы арқылы достық пен татулықты нығайтуды білдіреді. Бұл ұғым бір-біріне деген құрметті, сыйластықты көрсетеді.

Ұлттық мәдениет: тұздың тағамда маңызды рөл атқаруы және оның ұлттық мәдениеттегі орны «ас-тұз» дәстүрінің ерекшелігін көрсетеді. Тұздың тағамның дәмін жақсартуы ғана емес, сонымен қатар халықтың ұстанымдарын, әдет-ғұрыптарын көрсетеді.

Демек, бұл дәстүрдің этимологиялық мәні мен сөздіктегі ұғымы қазақ мәдениетінде тағам мен тұздың ерекше қатынасын, достық пен құрметті білдіреді.

Сүрленген ет

Қазақ халқының тұздап ет сүрлеу дәстүрі – көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты маңызды дәстүрлердің бірі. Бұл әдіс етті ұзақ уақыт сақтап, тағамды көшпелі өмірде пайдалану үшін қолданылған. Тұздап сүрлеу арқылы етті сақтаудың бірнеше негізгі әдіс-амалдары бар:

Тұзбен сақтау: қазақтар етті ұзақ уақыт сақтап, бұзылмауы үшін тұзды қолданған. Тұз еттің ылғалын тартып алып, оны бактериялық және микробтық әсерлерден қорғайды.

Етті тұздау: әдетте, етті сүрлеу үшін оны үлкен кесектерге бөліп, тұзбен жақсылап укалап, түйе, қой, сиыр сияқты малдардың етін тұзға салып, бірнеше күн бойы тұздалған күйде қалдырады. Тұз еттің бетіне жақсы сінуі үшін оны жақсылап сүртеді.

Сүрлеу: тұздалған етті арнайы құрғақ, желдетілетін орынға іліп немесе жатқызып, бірнеше апта бойы кептіреді. Бұл процесс еттің ылғалын толығымен жоғалтып, оны консервлейді. Еттің үсті қатты қабатпен жабылып, тек қажет болғанда ғана ашылады.

Сақтау: тұздалған және сүрленген ет ұзақ уақыт сақталады, әрі ол сақталған күйде дәмі мен қасиеттерін жоғалтпайды. Мұндай ет сапалы әрі дәмді болып табылады, әрі көшпелі өмірде ұзақ сапарларға немесе қоныс аударуға арналған.

Дәмдеу: сүрленген ет әдетте пісіріліп, сорпа, қуырдақ, кәуап сияқты түрлі тағамдарда қолданылады. Бұл әдіс етке ерекше дәм мен дәмділік қосады.

Аңыз не дейді?

Қазақ халық медицинасы мен аңыздарында тұздың ерекше қасиеттері жайлы көптеген әңгіме бар. Мысалы, Шыңғыс ханның сарбаздары соғыс кезінде еркін қалталарында тұз алып жүрген деген аңыз бар. Бұл тұздың адамға күш-қуат беріп, аурулардан қорғайтынына деген сенімнен туған.

Халық медицинасы тұзды жараларды емдеу үшін, тұмау мен суық тигенде пайдаланған. Тұзды суға малынған шүберекпен компресс жасау арқылы жараларды тезірек жазуға көмектеседі деп сенген. Сондай-ақ, тұзды суға тұсу арқылы дененің шаршауын басу, суық тигенде тұзды суға аяқты малып, қызуды түсіру әдісін қолданған. Тұзды қыздырып, кеудеге басу арқылы бронхит, тұмау сияқты ауруларды емдеген.



АҒЗА ҮШІН ПАЙДАСЫ

Қазақ халқында «дәм-тұзың таусылмасын» деген тілек сөзі бар. Бұл сөз адамдардың бір-біріне ұзақ ғұмыр, молшылық, береке тілеуінің көрінісі болып табылады. «Дәм» сөзі өмірдің өзімен байланысты болса, «тұз» сөзі өмірдің тұздығы, дәмі ретінде қабылданады. Тұздың маңыздылығы соншалық, ол тағамның дәмін келтіретін негізгі элемент ретінде қарастырылады.

Тұзды тұтынудың мөлшері маңызды, себебі ол ағза үшін қажет, бірақ оның артық мөлшері зиян келтіруі мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) тұзды тәулігіне 5 грамнан (бір шай қасық) артық тұтынбауды ұсынады. Бұл мөлшер жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алуға көмектеседі.

Тұзды артық тұтынудың зиянына тоқталар болсақ, гипертонияға (жоғары қан қысымына) алып келуі мүмкін. Жүрек-қан тамырлары, бүйрек ауруларына душар етуі мүмкін.

Ауырған тісті басу үшін тұзды суға шайып, ауыз қуысының микрофлорасын жақсарту үшін қолданған.

Наным-сенім

Тұзға қатысты қазақ халқының наным-сенімдері де терең тамырланған. Мысалы, егер тұз еріксіз жерге төгілсе, бұл жамандықтың белгісі деп саналған. Мұндай жағдайды жақсылыққа жору үшін төгілген тұздың үстіне нан немесе қант салып, содан кейін оны өртеп жіберген. Мұндай дәстүрлер адамдарды тұзға құрметпен қарауға үйреткен.

Тұзға қатысты көптеген ырым-тыйымдар да бар. Мысалы, тұзды біреуге қолмен беру жаман ырым саналады, өйткені бұл жанжалға немесе түсініспеушілікке әкелуі мүмкін деп сенген. Сондықтан тұзды әрдайым үстелге немесе басқа бір нәрсеге қойып беру әдетке айналған.

Киесі бар ма?

Тұзды тек емдік мақсатта ғана емес, сондай-ақ жадылау, яғни тылсым күштерді басқару немесе қорғау үшін де қолданған.

ИСЛАМДАҒЫ МӘНІ

Ислам мәдениеті мен діні тұзға ерекше мән береді. Исламдағы ас-тұз дәстүрінің мәні бірнеше аспектіден тұрады. Тұздың пайдалы қасиеттері мен денсаулыққа тигізетін пайдасы исламда да мойындалған.

Пайғамбардың сүннеті: исламда тұзды қолдану пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүннеті ретінде қарастырылады. Пайғамбарымыз тұзды және тұзды тағамдарды қолданған, бұл мұсылмандар үшін тұздың пайдалылығы мен оның күнделікті өмірдегі орнын көрсетеді.

Азық-түлікпен бөлісу: исламдағы ас-тұз дәстүрі қонақжайлылық және достықтың символы ретінде маңызды. Мұсылмандардың қонаққа тұзды немесе дәмді тағам ұсынуы – құрмет пен мейірімділіктің белгісі.

Қадірлеу және азайту: исламда тұзды ысырап етпеу, оның қадірін білу маңызды деп саналады. Тұзды үнемдеу, оны дұрыс қолдану арқылы қоршаған ортаға зиян келтірмеу және оны аса қажет мөлшерде пайдалану исламның экологиялық және моральдық қағидаттарына сәйкес келеді.

Күнделікті өмірде тұзды қолдану: исламда тұзды қолдану тек тағамға ғана қатысты емес. Тұзды емдік мақсатта да пайдалануға болады, бірақ оның дінге қайшы келмейтін жолдарын таңдау маңызды.

Сөзімізді қорытындылай келе, исламдағы ас-тұз дәстүрі тұздың тағамдағы рөлін, оның пайғамбарлық сүннетке сай қолданылуын және адамдар арасындағы достық пен құрметті білдіретін дәстүрлерді көрсетеді. Тұздың қадірін білу, оны дұрыс мөлшерде пайдалану ислам мәдениеті мен діні қағидаттарына сәйкес келеді.

Болат БОПАЙҰЛЫ,
жазушы-этнограф.

ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

Қазақ тілін әр алуан жастағы түрлі ұлыс өкілдері үйренуде



Айнабай
МӘДИ

Қазақстан халқының тілдер күні мәдени әралуандықты сақтаудың маңызына көз жеткізгендей. Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен атаулы мерекеге арналған брифингте «Сөйле» клубының қазақ тілі пәнінің оқытушысы **Алина КАН** бұл күннің халқымыздың бірлігі пен келісімін нығайтуда елеулі рөл атқаратынына айрықша тоқталды. Алина Александрқызы өз тәжірибесімен бөлісіп тіл үйренудің өзекті мәселесіне қатысты орнықты ой-пікірін ортаға салды. Өз сөзінде Алина ханым бағдарын қазақ тілін оқытуға бұруының мәнісін, батыл шешіммен осы мамандықты таңдауының сырын мәлім етті. Әлбетте, бұл мереке бір халықты бөліп-жармай, елімізде мекендейтін ұлт пен ұлыстардың тілін құрметтей келе, «Қазақстан халқының тілдер күні» аталуы бекер емес.



«4-сыныпта оқып жүргенде маған қазақ тілі пәнінің мұғалімінің сабақ беру үлгісі қатты ұнағаны бар. Сол кезде-ақ менде қазақ тілін терең меңгерсем, оны өзгелерге үйретсем деген арман пайда болды. Осылайша кейін мен өзімді қазақ тілін үйретуші ретінде сезіне бастағанмын. Өз елімнің патриоты болғандықтан, өскелең ұрпақтың бойынан еңбегімнің еленгенін көргім келді. Отанымның мәдени өркендеуі жолында бір жақсылық жасау маңызды екенін түсіндім», – деп Алина оқытушы өз ойымен бөлісті.

А.Канның пікірінше, соңғы жылдары қазақ тілін үйренуге деген қызығушылық айтарлықтай артқан. Әлбетте, бұл үрдіс Қазақстан халқының тілдерін қолдаудың мемлекеттік саясатын, мәдени мұраны сақтаудың маңызын түсінудің артуына да байланысты. Қазақ тілін әр алуан жастағы түрлі ұлыс өкілдері үйренуде. Алина Канның байқауынша, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын әрі өз елінің мәдениетін терең түсінгісі келетін жас ұрпақ тіл үйренуге ерекше қызығушылық танытып келеді. Өйткені, тіл – ұлт пен ұлыстың қарым-қатынасын аңғартатын маңызды құрал. Бізде бұл жәйт мемлекеттік тілдің нығаюымен тығыз байланысты.

«Шын мәнінде, соңғы екі-үш жылда қазақ тіліне сұраныс артты. Сонымен қатар, қызығушылық танытқандардың көпшілігі – жастар. Бұл өзі сан алуан танымал музыкалық шығарманың, кинофильм мен мультфильмнің қазақ тілінде жарық көруімен де тікелей байланысты, албырт жастар аудиториясын қызықтыра түседі», – дейді оқытушы Алина ханым.

«Ең бастысы, адамның жүрек қалауы, онсыз жетістікке жету мүмкін емес. Көбірек тәжірибе жасап, грамматикаға уақытты жоғалтудың жөні жоқ. Елімізде, қаламызда қазақ тілін үйрену шешілмейтін мәселе емес. Тіл үйренуде ана тілінде сөйлейтіндермен тығыз араласудың қажеттігі – өз алдына, түрлі қурстар да жеткілікті. Тәжірибелі оқытушы ынта-ықыласпен мемлекеттік тіл, қазақ тілін үйренуді еліміздің кемел келешегіне қосылатын сүбелі үлес деп біледі. Талантты тіл үйретуші замандастарын өз тілі мен мәдениетіне қамқор көзбен қарауды аңғартып, адамзаттық қарым-қатынас ұғымын ұлықтауға шақырады.



ТИЛДЕР МЕРЕКЕСІ

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ҚАҺАРЛЫ АЛТАЙДЫҢ
РУХТЫ ҰЛЫ

Қаржаубай Сартқожаұлы ағамның бақи дүниеге өткенін өте алыста жүріп естідім. Нақтылап айтқанда, ол кісінің кіндік қаны тамған туған жері Құжырты-Бұлғынның бір қиян түкпірінде. Бұл Моңғолияның астанасынан екі мың шақырым, Баян-Өлгий аймағының орталығынан үш жүз шақырым қашықтағы Алтайдың шыңырау шатқалды шекаралық өңірі.

Қазаны естіген сәтте көкіректі шарпыған қимастық сезіммен қатар Қаржаубай ағамның бүкіл өмірі көз алдымнан сағымдай шұбырып өтті. Ғұмыр деген осындай жалт етпе жылдам ба еді?! Үшқыр оймен шолып шықсам айтып тауыса алмас қаншама оқиғалар қалай тез өте шықты? Сонда ұқтым, қазақтың «өткен өмір көрген түстей ғана» деген сөзін. Жүйрік көңіл екен ғой, жадыда өшпестей жазылғандарды шарлап кеткен.

Бұл анықтамалардың бәріне бір-бір қызықты жайларды жазсам болар еді, сөз ұзап жазбамның шартты шеңберінен аспасын деп, екі-үш қана мысал айта кетейін:

Алматыда 1986 жылы болған «Желтоқсан көтерілісі» кезінде Қаржаубай ағам осында ғылыми еңбек қорғап жүрген болатын. Сонда, шетелден жүргендерді Алматыдан дереу шығарды, «бір КНБ өкілі менің артымнан ерген қалпы Иркутскіден пойызға отырғанша қалмай қойды», деп айтқан әңгімесі есімде.

1991 жылы Моңғолияда болған алғашқы демократиялық еркін сайлауда Қаржаубай Баян-Өлгий аймағынан Моңғолияның Ұлттық Құрылтайының депутаты болып (екі кезеңмен өткен, өте көп кандидаттар қатысқан аса тартысты сайлау еді), жеңіске жетті. Сонымен, депутаттық мандатты бекіту кезінде дау шығып, «Сартқожаұлы Қаржаубайдың мандатын талқылау» деген мәселе шықты. Дәл осы кезде Баян-Өлгий аймағының орталығында Қаржаубайды қолдаған үлкен ереуіл басталып кетті. Ұланбатыр абдырап қалды, қазаққа қатысты ұлттық дау шығып кетуден сақтанып, бұл ереуілді тыныштандыруға сол кездегі Моңғолияның ең беделді лидерлерінің қатарында жүрген Зардыхан Қинаятұлын жіберді, мәселе онынан шешіліп, Қаржаубай ағам Ұлы Хұрал депутаты болған еді.

КҮЛТЕГІН РУХЫН
АРҚАҒА ӘКЕП
ҚОНЫСТАНДЫРҒАН
ТҮЛҒА

Иә, нақ шындығында ең максимал өмір дегеніміз, өмірін ғылымға арнаған адамның өмірі. Олай десек, Қаржаубай ағамның өмірінің бастауы «Орхон-Енисей» түркілердің төл жазуымен жасты дер едім. Ал ол жазу бүкіл түркі тілділердің рухани өмірімен әлі де жасай береді, балкім сәті түскен кезде оны кәдімгі қолданысқа да әкелерміз. Онда, осы жазудың ғылымдағы оқилуына өмірін арнаған осы қазақ ғалымының бұл дүниелік ғұмыры алда да ұмытылмай жалғаса берері сөзсіз.

Марқұм ағамыз да өзінің бұл дүниелік мақсатының орындалғанын былайша жазып кеткен екен:

«Көк Түріктің Көк тіреген
Күлтегін рухын Арқаға әкеп
қоныстандырдым. Өкібен!

Қ.Сартқожаұлы. 12.06.2020.
Астана».

«Қарлы Алтайдың – Қаһарлы
Алтайдың Тәңірлік рухты ұлы едім.
Арқаға қонып ту тіктім! Өкібен!
Қ.Сартқожаұлы. 12.06.2020».

Ағаммен жарты ғасыр бойы жарасып жары болған Жәлел жеңешем жіберген екен, екеуінен өрбіген бала-шаға, үрім-бұтағының аты-жөндері де Көк Түріктердің даңқты ныспысын әйгілеп тұр! Балалары: Толқын, Есіл, Бүбүбегім, Жантегін, Елтегін. Немерелері: Айбибі, Бұлатегін, Ертегін, Назбегім, Айтегін, Назбибі, Айбартегін, Өміртегін. Жиендері: Айбүбі, Исрафил, Ажар, Хантегін, Есүйбегім, Орхонбегім.

Өрине, қазақ «ұрпағымен мың жасау деп осыны айтады», бұл да көңілге демеу. Қаржаубай ағамыз жыл қайыру есебі бойынша да сексенге келген адам, дегенмен ғалымға бұл дүниелік жас көптік етпейді ғой, тағы да біраз ғұмыр кешсе «Тоныкөк» жайлы романын да жазып кетер ме еді дейсін...

Адам пенденің осы өмірдегі арманы таусылмайды, алайда, мәңгі бітпейтін ақырет дүниесінің арманы туралы ештеңе айта алмаймыз ғой...

Абай МАУҚАРАҰЛЫ.

ҰЛТ ҰСТАЗЫ МЕН
ТІЛ МӘРТЕБЕСІ
ҰЛЫҚТАЛДЫ

Ұлт ұстазы, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-реформатор Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 152 жыл толуына орай, Алматы қаласы әкімдігі, Алматы қаласы музейлер бірлестігі, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты және «Тіл-құрал» оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан халқының тілдері күні аталып өтті. Алдымен А.Байтұрсынұлы ескерткішіне гүл шоқтары қойылды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Ахмет Байтұрсынұлы 1934–1997 жылдары тұрған музей-үйде АХМЕТ ОҚУЛАРЫ – 2024 алаңы аясында «Ахмет Байтұрсынұлының лингвистикалық мектебі және оқулықтарындағы білімдер жүйесі» атты республикалық конференция өтті.

Аталған іс-шараға қоғам қайраткерлері, ғалымдар, тілтанушылар, музей қызметкерлері, ЖОО оқытушылары мен студенттері, мектеп мұғалімдері мен оқушылары, БАҚ өкілдері, қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

Конференцияға қатысушылар әртүрлі тақырыптарда А.Байтұрсынұлы мұрасын қамтитын қызықты және танымдық баяндамалар жасады. Конференция аясында, «Ахмет. Алаш ардақтысы» кітабының тұсаукесері өтті.

– Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын сіңірген еңбегі зор. Ендігі кезекте жас ұрпақ тілге құрмет етіп, ана тілдің асқақтауына бар күш-жігерін салғаны жөн. Қазақ тілі өз тұғырына қалайда қонуы қажет. Мемлекеттік тіл қоғамның барлық саласында кең қанат жаймай, іс өнбейді. Тіл мерекесімен құттықтаймын, – деді тіл жанашыры, қоғам қайраткері Асылы Осман.

Атаулы мерекенің құндылығы жөнінде А.Байтұрсынұлы мұражайының ғылыми қызметкері Әділет Ахметұлы да өз ой-пікірін жеткізді.

– Іс-шара жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып, Аханның 5 қыркүйектегі туған күніне орай ұйымдастырылып келеді. Дәп осы күн ресми құжаттармен тұрақтанғаннан кейін Қазақстан халқының тілдері күні деп бекітілген. Әр жылы осы күні Ахат өмірінің соңында өзі тұрған үйде аталмыш іс-шара өтеді, тіл мәртебесі ұлықталады, – деді ол.

МАКСИМАЛ ӨМІР

Расында, марқұм ағамызбен бірге өткізген өмір кезеңдерінің бәрін тізіп жазсам кең-мол бір кітапты қамтыр еді. Тіпті, жерлестікке қатысты жайлар, Хангелді қандас туыстыққа байланысты әңгімелер, бозбала кезімде Өлгийдегі мектепте өзіме ұстаз болған шағы, студенттік кезімдегі Ұланбатырдағы талай қызықты кездесулер, Моңғолиядағы тоқсаныншы жылдарғы қоғамдық демократиялық атақты өзгеріс тұсындағы қым-қуыт оқиғаларды бірге талқылаған күндер, Қазақстанға көші-қон басталғанда болған сан түрлі жайларды қатар бастан кешкеніміз... осы тақырыптардың өзі-ақ кішігірім кітапқа жүк болар еді-ау!

Дегенмен, қаза қайғысы тұсында осылардан бір-бір көріністі ғана еске түсірсем де тақырыптағы «МАКСИМАЛ ӨМІР» деген сөздің мәнісі ашылатын шығар дедім. Өйткені, Қаржаубай ағам «өмір соғысында» үнемі майданның алдыңғы шебінде жүретін, соның ішінде «қазақ ұлтын қорғау» шайқасында да, одан кейінгі ғылымдағы күресте де шабуылдың алғы шебін кездейтін максималдыкпен кешкен ғұмыры көз алдыма келеді.

Сонда, мұның соншама қозғаушы күші неде десем, Хұжыртыдай туған жердің киелі топырақ-суы, бүкіл жерлестерінің азат өмір үшін арпалысқан ғаламат күресі, қанды жасы мен қуаныш жасы қатар аққан адал адамдарының рухын бойына сіңірген азаматтығы дер едім. Хұжырты-Бұлғын халқының бастан кешкен қасіреті қанша көп болса, елдігі мен ерлігі одан да асып түсетін ерекше қауым.

Қаржаубай ағам жетпісінші жылдардың ортасында осы тарихи оқиғаларды жазуға дерек жинағаны есімде, әкеміз Мауқара бір дәптер жазып берген еді. (Шешейдін Қаржаубай ағамды бірінші класқа Жолтының мектебіне әкелгені туралы айтқан әңгімесі де бар. Жолты бүкіл оқиғаның өрбіген жері, сондықтан құрбандар мемориалы осында орнатылған, Египеттегі кіші пирамидамен теңесетін ең биік түркі обасы да осында).

Егер Қаржаубай ағам ғылымға кетпегенде

ақиқаттың қаны тамған тамаша роман жазуы көміл болатын. Әйтсе де, туған халқының алапат рухты тағдырын кітап етіп жазуға қолы тимесе де, солардың бәрі бұлқынған қалпы санасында күш-қуат болып жүргені күмәнсіз дер едім.

Сондай еркіндікті аңсаған, азатшыл рухты, бодандыққа көнбейтін, төмендікке түспейтін күрескер қауымнан мандай алды азаматтар туып, Моңғолияның әйгілі адамдары атанғаны соның дәлелі. Қазақтан шыққан бірден-бір соғыс батыры Ікей, жиһангез әрі исламтанушы Халифа Алтай, аңыз балуан Қожағар, ең алғашқы еңбек ерлері Солтан, Шоа, Ақыт қажы жырын жадында сақтап түгел жеткізген имам Мұзбай, алғашқы Моңғолияның халық жазушысы Мағауия, Моңғолияның халық әртісі Қайыңжамал, композитор Қабыкей, әйгілі нейрохирург Хайрулла, ел басқарған Әбділ Жәлел, Сәтей Нұртаза, даңқты актер Ләтіф, ақын Көкей, өнертанушы Жанатхан Сағидан. Бәрі марқұм болды...

ЖАНКЕШТІ ҒҰМЫР

Осы адамдардың ортасында Қаржаубай ағамның да орны ерекше, қай қатарға қойсам да жарасатын секілді. Өз басым Қазақстанға келіп журналист қызметін атқарғаннан бері Ұлттық апталық Ана тілі, еларалық Қазақ Елі, халықаралық «Қазақстан-Заман» және басқа да басылымдарда Қаржаубай ағам туралы «Таскітапхананы сөйлеткен», «Нөмірі бірінші ұлтшыл қазақ», тағысын-тағы, көптеген мақалалар жазсам да көбі бұл тұлғаның бір қырын ғана ашты, өйткені басында айтқанымдай, ол кісі тарихтан саясатқа, саясаттан ғылымға бір-біріне ауыса беретін күрделі жол кешті.

Ал өзгеге ұқсамайтын қайсар мінезді бола тұра бала секілді көңіліндегісін жайып салатын аңқылдақ жайсаң, ғылым ісіне тастүйін, ұқыпты бола тұра тіршілік мәселесінде жадағай, әртүрлі бақталастарынан басы дауға түсіп, артынан сөз көп еретін, денсаулығы қиын жағдайда жүрсе де емделу қаперіне кірмейтін жанкешті...



ӘДЕБИ КЕШ

АБАЙ

ДЕГЕН – ҮЛКЕН БІР ЖҰМБАҚ ӘЛЕМ

Алматының А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханасында халқымыздың ұлы перзенті, хакім Абай Құнанбайұлының туған күніне орай «Әлем таныған ұлы Абай» атты рухани-мәдени, әдеби-сазды кеш өтті. Тағылымды кеште Абай Құнанбайұлының рөлін сомдап жүрген белгілі актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Әбділманов, ақын-жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Досжан, Абай атамyzдың ұрпағы Нұргүл Ысқақова және ақын, PhD докторы Ержан Жұмабек және басқалар қонақ болды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Кеш қонақтары ел тарихына шолу жасай отырып, хакім Абайдың өмірінен сыр шертіп, оны ұлттық құндылықтарымызбен байланыстыра отырып, жиналған жастарға пайдалы ілім сыйлады. Болат Әбділманов Абай атамyzдың ғұмыр жолын үлгі ете отырып, қазақи дәстүрден алыстамау керектігін айтты. Белгілі қаламгер Сәуле Досжанова да жастарды Абайды оқуға, тағылым алуға шақырды. Өлең оқыды. Жүздесуге қасиетті домбырасымен келген Ержан Жұмабек әуелетіп ән шырқап, данышпан Абайға жыр арнады. Ал Нұргүл Ысқақова Абай атамyzдың ұрпағы ретінде тарихи деректерді баяндай отырып, ұлы ойшыл туралы құнды естеліктермен, тың ақпараттармен бөлісті. Жастарға әсіресе, Абайдың Семей қаласындағы мұражай-үйі туралы әңгімелер қызықты болған секілді.

Кешті тамашалатуға, тағылымды әңгімелерді тыңдатуға Ұлттық ұланның Алматыдағы 5571 әскери бөлімінің кітапхана бастығы, сержант Ақнұр Жәлішева да сарбаздарын бастап келді. Қатардағы жауынгер Нұрдаулет Аймаханов жанды дауыста «Көзімнің қарасы» әнін орындап, кешке жиналған қауымның ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар, «Зейін» шығармашылық мектебінің өнерпаздары домбырамен күй шертіп, көрермендерді тәнті етті.

Біз осы кеште қозғалған тағылымды әңгімелерді сол күйінде беріп отырмыз. Оның әр жолы жас ұрпақтың көзіне түссе, жүрегіне жол тапса, қуанамыз.



Болат ӘБДІЛМАНОВ,
театр және кино актері,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері:

ТӨРТ РЕТ ЖАЗЫЛҒАН ШЫҒАРМА

Әзірбайжан Мәмбетов маған Абай рөлін берді, қырық жасымда. Сонда ойнап жүріп, менде көп сұрақ жамылып үйде отырған ғой. Мұнда Абайдың аузына сөз салып қойған, «қазақтың дәстүр, ырым-сырымын қойындаршы» деп. Абай бейне оған да қарсы сияқты. Сонда мен осыны көп ойлайтынмын, Абайды неге осылай көрсетеді деп. Өуезов сол шығармасын төрт рет жазған. Бірақ соның бәрін өткізбеген.

Содан амал жоқ, Абайдың әкесіне қарсы сөйлеуіне, Құнанбайға «сен қатыгезсің» дегендей сөз айтуына, дәстүр-салтымызға қарсы шығуына тура келді. Ал Өуезовтің мақсаты – Абай арқылы қазақты әлемге таныту еді. Идеология солай болған соң амал жоқ, Құнанбайды, Шәкәрімді құрбан етуге тура келді. Сөйтіп, басқаларды құрбан ету арқылы Абайды бүкіл әлемге, қазақты жаһанға танытты. Егер Өуезов қазір жазса, мүлдем басқаша жазар еді. Сонда жауынның арасынан су тигізбей өтіп, Өуезов осындай ұлы шығарманы өмірге әкеліп, осындай Абаймен біз қауыштық. Орыстың Пушкині он жеті мың сөз тіркесін пайдаланса, Өуезов жиырма бес мың сөз тіркесін пайдаланған екен осы шығармасында. Қандай бай тіл, қандай құнарлы тіл!

Тәуелсіздік алғаннан кейін мен «Абайдың жұмбағы» деген пьеса жазуды қолға алдым. Мәдина Омарова деген мықты драматург менің ойларымды қағаз бетіне түсірді. Сол кезде көтерлер шыға бастады, «Абай деген кім ол? Соншама аспанға көтересіңдер. Қазіргі заман болса ол жай ғана әкім болар еді, блогер болар еді...» деп. Кейбір ақындар Абайды басқа бір ақындармен салыстырып, төмендете бастады. Содан менің намысым келіп, абайтанушылармен сөйлесіп, Мекемтас Мырзахмет, Жабал Шойынбет сияқты ағалармен әңгімелесе отырып, Абайдың басқа қырын ашқым келді. Ол қай қыры? Мысалы, қазақты шоқынудан сақтап қалған Абай. Мемлекеттік думаның Шаймерден Қосшығұлұлы деген депутатының қолына бір құпия құжат түседі де, оны Әлиханов, одан Абайға жөнелтеді. Ол құпия құжатқа не жазылған десеңіз, патша жарлық шығарған екен, ең бірінші – қазақты билеуші хандық жүйені құртындар деп. Сөйтіп, Кеңесарыны өлтірді, Оспанды өлтірді. «Екінші –

болыстықты кіргізіндер, сонда әр ру өз адамын болыстыққа кіргізіп, бір-бірін жағадан алып, қазақ тоз-тоз болады, бет-бетімен кетеді, ал мұндай халықты билеу оңай. Үшіншісі – қазақты өз тілінен, өз дінінен айырып шоқындырындар, бір дінге кіргізіндер» деген. Сол кездегі рухани астанамыз Семей. Семейдегі бүкіл медресені жауып, қырық мың баланы шоқындырып жібереді. Сонда Абай жетпіс төрт тармақтан тұратын құжатнама дайындап, съезде патшаның нөкерлерінің алдында үш күн, үш түн айтысып, ақыры жеңіп шығады. Өзі ешқандай аудармашысыз, орысша таза сөйлеген. Сөйтіп, бізді шоқынудан, басқа діннің қармағынан аман алып қалды. Ол Кеңес заманында ешқашан айтылған емес. Осындай деректерді негізге ала отырып, «Абайдың жұмбағы» деген пьеса жазып шықтық. Қазір спектакль жүріп жатыр.

Тағы да бір айтайын дегенім – махаббат тақырыбы. Абай мен Тоғжан бір-біріне риясыз ғашық болды. Бірақ олар неге қосылмады? Абайға әкесі: «Әй, балам, бері кел, бұл қыздан күдерінді үз», – дейді. Абай неге деп сұрағанда, әкесі: «Бұл қыздың айттырылған жері бар, сенің де айттырылған жерің бар. Егер сен осы батадан асып, теріс бата алатын болсаң, еш уақытта оңбайсың», – дейді. Сонда Абай: «Қалайша, әке? Сонда біздің махаббатымыз қайда қалады?», – дегенде, Құнанбай: «Ей, балам, екі жастың махаббатынан да артық махаббат бар. Ол еліңе, жеріңе, дәстүріңе деген махаббат!», – дегенде, Абай «түсіндім, әке, түсіндім» деп, «Сап, сап көңілім, сап көңілім» деген өлеңін өзін-өзі тоқтату өмірге ұшып жазған екен. Бұл мәліметтерді де абайтанушылардан алдым. Сөйтіп, Тоғжанмен қоштасып, әкесі айтқан Ділдәні алады.

Содан кейін Кеңестік дәуірде Құнанбайды қаралау үшін ол ескі феодалдық дәстүрмен ұлын сүймейтін адамына үйлендірді деп көрсетеді. Енді арғы нәтижесіне келейік. Ділдә Абайға үш ұл тауып береді, Әбдірахман, Мағауия, Ақылбай. Қазіргі генетикалық ғалымдардың зерттеуімен қарайтын болсақ, махаббат болмаса еш уақытта өмірге ұлы адамдар келмейді. Нәтижесінде Абай мен Ділдәнің шынайы сезімінің, дәстүрге деген махаббатынан өмірге осындай үш ұлы тұлға келген. Ал дәстүр деген біздің өмір бойғы заңымыз. Ата-бабамыз ықылым заманнан осы дәстүрді ұстану арқылы ұлт болып қалыптасқан.

Абайдан кейін «Жан әке» деген пьеса жаздым. Сонда ақсақалдың мынандай бір сөзі бар. Қызы шыбынды қуып жүреді де, Құранды ұрады. Сонда әкесі шыр ете қалады: «Балам, бұның не, бұның не, бұл Құран ғой! Құлыным-ау, мұның не? Кешір, Алла! Бізді жетпіс жыл орыс қылғысы келді, отыз жыл араб қылғысы келеді. Бірақ (қолына қамшысын алады да) адамның өмірде үш қасиеті болуы керек. Біріншісі – қасиетті Құран кітабы, екіншісі – кебіні (ақ матасы), үшіншісі – қамшысы (қамшы деген символикалық дәстүр). Біз осы дәстүрімізбен өмір бақи сақтанып келеміз, осы арқылы біз ел болып қалдық». Бұл – кейіпкер ақсақалдың монологы.

Әскерден қашып жүрген кей жастар туралы да, шетелге күйеуге шығып кетіп жатқан қазақ қыздары туралы да осында кіргіздім. Мына тұрған Жапония еш уақытта қызын шетелге бермейді. Ал егер кететін болса, үлкен көлемде ақша төлетеді, азаматтықтан айырады. Баласымен қайтып келсе, баласына азаматтық бермейді. Ал біз бәрін ашып тастадық, қыздарымыз кетіп жатыр. Ол жаққа кеткен қарақөздерімізден туған бала ешуақытта қазақ болмайды. Сарыға кетсе – сары, қараға кетсе – қара, қысық көзге кетсе, қысық көз болады. «Сонда мына ата-бабамыздан қалған жерді кім қорғайды? Менің сүйегім жау табанының астында таптала ма? Менің ата-бабамның сүйегі жат жұрттықтың аяғының астында қала ма?!» деп, шалдың жылап тұрып айтатын монологы бар. Бұл пьесаның да айтары көп. Кеңестік дәуірде Абайдың «Бодандық» деген сөзін айтқызбаған. Абайдың барлық қара сөзінің астарында бодандық жатыр.

Құрметті жастар, мемлекетшіл болуымыз керек, мына елді біз қорғамасақ, туған жерді сүймесек, «басқа елде жағдай бізден де жақсы екен» деп жастарымыз кетіп қалатын болса, мына жер тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетеді. Сондықтан да біліммен, ілім-ғылыммен сусындайық. Телефонға емес, кітапқа көбірек үңілейік дегім келеді.



Сәуле ДОСЖАН,
қаламгер, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері, Халықаралық
«Алаш» әдеби сыйлығының иегері

«ҚАРА СӨЗДЕРІН» КӨЛІКТЕ ДЕ АЛЫП ЖҮРЕМІН

Болат ағаларың жақсы айтып кетті, өте жақсы өсиет сөз айтты. Мына отырғандар өңкей болашақ генералдар екен, айналайын! Үлкен адамдардың барлығы қазір алпыстан асқаннан кейін өсиет айту міндет деп санайды. Әлемге қазақты танытқан – Абай, ал Абайды жаңағыдай қиын кезеңде танытқан – Өуезов. Біз алғашқы нұсқасын бірнеше рет оқыдық. Қазір қалып қойғандары енгізіліп, жаңадан шығып жатыр дейді. Салыстырып оқимыз. Негізі, кітап оқыған адам өте мықты адам болады. Мың компьютер көрген адамнан кітап оқыған жеңеді. Қолға ұстайтын кітаптың қасиеті болады. Бұрын біз газеттің қасиеті бар деп газеттің иісін иіскейтінбіз. Кітапханаға келгенде де ерекше иіс болатұғын.

Абайдың «Қара сөздері» үйде де, кітапханада да тұрады және өзіммен бірге көлігімде де жүреді. Бір жерде біреуді күтіп тұратын болсаң, Абайды аласың да оқи бересің. Сендер де Абайдың қара сөздерін алып қойындар. Абайдан жауап табасындар. Сендер қазір оқисындар, басқаша көзқараспен оқисындар, сонан кейін сендер жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін, қызметке кіргеннен кейін оқисандар, толысқан, ересек адамның ойымен қарайсындар. Абайдың кітабын өздерімен бірге алып жүріңдер, өлеңдерін жаттап алындар. Сендердің неғұрлым тілдерің жетілген сайын, соғұрлым жақсы қызмет істейсіндер.

Германия жақта неміске тұрмысқа шығып кеткен қазақтың қыздары Абайды Шекспир сияқты ойдан шығарылған дейді. Ешқандай ойдан шығарылған емес, Абай деген сендер сияқты бала болған. Мен, айтпақшы, полигон туралы роман жазып жүріп, Абайдың туған топырағына, туған жеріне, басына алты рет бардым. Сонда көрдім сендер сияқты бала болғанын, басында тақиясы болып сендер сияқты жүгіріп, асыр салып ойнағанын. Былтыр Америкада менің кітабымды аударып жатқан үлкен ғалымдар келді. Олар «біз кітапты аударардың алдында полигон өткен жерлерді көрейікші» деп, сол жаққа ертіп бардық. Сонда Абайдың Жидебайдағы мұражайында болғанда қатты таңқалды. Сол заманда салынған үйдің (қазір мұражай) төбесінен күн сәулесі түсетіндей етіп әйнек сияқты белгілермен тартылған. Сондай-ақ, ет сақтайтын, тоңазытқыш сияқты үлкен бөлмелер болған.

Шетелдіктер бүкіл үйді жылытатын, жылу қабырғадан тарайтын пешке де таңдай қаққан. Үлкен-үлкен профессорлар «қазақтар деген осылай өмір сүрген бе» десті. Міне, бір адамның атымен бүкіл халыққа баға беріледі. Олар оқығандары бойынша «қазақ деген халық түйе сияқты шөлге, ұлы далаға шыдап жүре берген» немесе «анау аттар құсап дүбірлеп, тобыр болып жүре берген» деп түсінген ғой. Абайдың кітапханасын көрді. Орыс достарымен жазысқан хаттарының үлгілері бар, амандық болса, сендер де сол топыраққа дәм тартып жатса, әлі көретін боласындар. Сонда сендер Абайды мақтаныш етесіңдер. Бүгінгі кештен жүректерінде, Абай айтпақшы, кішкене болса да шам жанатын, сәуле түсетін болса, керемет! Кітапханаға келіп тұрындар, айналайындар!



Нұргүл ЫСҚАҚОВА,
Құнанбайдың зерделі ұрпағы

ҚҰДЫҚТА ЖАТҚАН ОТЫЗ ЖЫЛ

Мені сіздерге Абайдың ұрпағы деп таныстырып жатыр. Осы жағын сәл түзеп кетейін. Негізі, Абай атадағы қан менде бар. Бірақ Абай атаның өзінің қаны менде жоқ. Яғни ол қалай? Жеті атадан тарқататын болсам, менің жетінші атам – Өскенбай. Өскенбай – Абай атамyzдың туған атасы. Өскенбайдан екі ұл тарайды, бірі – Құнанбай ата. Ол Абай атамyzдың әкесі. Құнанбай ата төрт әйел алған. Бірінші бәйбішесінен Құдайберді ата, яғни Шәкәрімнің әкесі. Бәйбішесі бір-ақ ұл дүниеге әкелген соң, екінші бәйбішесі Ұлжан анамyzды алады. Ұлжан анамyzдан төрт бала дүниеге келген. Бірінші ұлы Тәңірберді (Тәкежан), екінші ұлы Абай. Абай атамyzдан кейін тете өскен інісі Ысқақ ата. Сол Ысқақ атадан тікелей тарайтын ұрпақпын. Өлі күнге дейін мен сол кісінің тегіндемін, Ысқақовамыз. Ысқақ атамyzдан кейін Оспан деген інісі болған.

Ысқақ атамyzдан – Абдулхаким (тарихта Кәкітай деп аталып кеткен), Абай атамyzдың қолында өсіп, тәрбиеленген. Ол кісі 1909 жылы ең алғаш Абай атамyzдың бүкіл өлеңі мен сөздерін жинақтап, Питерборда баласы Тұрағұл бар, Алаш арысы Ахмет Байтұрсыновтың қолдауымен кітап шығарған. Кәкітай атамyzдың кенже ұлы – Архам атамyz да абайтанушы. Абай туралы көп кітап жазған. Абай атамyzдың бүкіл мақаласын, заттарын, барлығын жинақтап, қазір Сәуле апай айтып отырған Жидебайдағы музейдің іргетасын қалап, сол жаққа бүкіл мұрасын экспонат қылып өткізген. Архам атамның қолында тұрған кенже ұлы – Азат атам. Ол менің өз атам. Біз Семейдің Аяғөз қаласында тұрғанбыз. Сол қалада Азат атам Абай, Шәкәрім, Мұхтар атындағы мемориалдық музей ашқан, ақын болған. Абай, Шәкәрім аталарын дәріптеген ұстаз. Әрине, одан кейін менің әкем Өлішер, ұстаздық етті, Азат атамның екінші ұлы. Ең жақсы көріп, мақтанып айтатын істерінің бірі – өзінің аталары болатын. Бізге кішкентай кезімізде Абай атамyz туралы жиі әңгімелеп отыратын.

Бүгінгі тағылымды кеште кілең жастар отыр екенсіздер, сіздердің жастарыңызда Абай аталарыңыз бір отау иесі болған. Мүмкін білерсіздер, білмесіңіздер, Құнанбай ата үш баласын бір күнде үйлендірген. Яғни Тәңірберді деген ұлы 18 жаста, Абай атамyz 16 жаста, менің Ысқақ атам 14 жаста ғана болған. Абай мен Ысқақтың жасы кішірек болғасын, кейін екеуіне бір қыстақты бөліп берген. Сөйтіп, балалары бірге өсіп, бірге тәрбиеленген.

Осы орайда сіздердің көкейлеріңізде «Абайдың өзінің кіндігінен тараған ұрпақ бар ма?» деген сұрақ туындауы заңдылық. Абайдың өзінен тараған ұрпақ бар, шүкір, бірақ аз. Бүгінде Ақылбайдан тараған Данияр деген жігіт Петербургте океанолог деген мамандық алып, сол жақта тұрады. Елімізде ол мамандық жоқ. Ол кісінің үш қызы бар. Осы Алматыда тұратын Айдос деген ағамыз бар. Негізі, ол кісіні де шақырған болатын осы кездесуге, белгілі себептермен келе алмаған болуы керек. Біз – Құнанбай ұрпақтары өте көппіз. Тәңірбергеннен, Ысқақтан және Абайдан тараған қыздар көппіз. Негізі, Құнанбайдың, Абайдың ұрпақтары Кеңес заманында көп қиындықты бастан кешкен. «Құнанбайдың ұрпағымыз» дегендерді түрмеге қамайтын, ұрпақтары жан-жаққа көшіп кетті. Ашаршылық кезінде де көбі көз жұмды. Абай атаның өзінің ұрпақтарынан он адам соғысқа кеткен болатын. Осындай жағдайлардан ұрпағы азайып қалды. Бірақ жылда біз жиналып тұрамыз. Мәселен, былтыр ғана бәріміз әулет болып бас қосып, Құнанбай атамyzдың, Абай атамyzдың басына барып үлкен ас бердік. Осы жылы Құнанбай атамyzдың 220 жылдық тойы үш күн қатарынан тойланды.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАУЛЫ

2024 жылғы 4 қыркүйек
№3/373-1829

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 10 маусымдағы №32.1-32/2481-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) «Поток 8» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бұқар жырау гүлзары, 25 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,5006 га (кадастрлық нөмірі 20-313-003-367) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және меншік иесіне жер учаскесі өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ТАНЫМДЫҚ КЕШ

ТІЛ БАР ЖЕРДЕ ҰЛТ БАР

Алматы қаласы Қоғамдық даму орталығы тың бастама көтеріп, Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатында өткен танымдық кешке ұйытқы болды. Мектеп оқушылары «5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері мерекесі» мен «Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне» орай ұйымдастырылып отырған кешті зор дайындықпен қарсы алды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Танымдық кештің мазмұнды өтуіне білікті ұстаз Майра Мәлікқызы көп еңбек сіңірді. Танымдық кеш барысында мектеп оқушыларына ғылыми-танымдық, ұлттық құндылық, ана тілінің мәртебесі мен мерейін насихаттау тұрғысында жан-жақты баяндап, туған тілімізді құрметтеуге шақырды. Осынау кеш барысында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы туралы тың деректер айтылды. Үлкен экраннан көрсетілген ұлт ұстазы туралы деректер де кештің мазмұнын аша түсті.

– *Өткізіліп отырған шараның ауқымы зор болып отыр. Өйткені, тіл – ұлттың абыройы, зор мақтанышы, рухани байлығы. Тіл бар жерде ұлт бар, біз ең алдымен, оқушыларды елжандылыққа, туған тілін құрметтеуге, тілді ұлттық мұра ретінде қастерлеуге баулуымыз керек. Сондықтан осындай шаралар өткізе отырып, біз жас ұрпақты тіл тазалығын сақтауға, мәдениетті сөйлеуге, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелейміз, –* дейді республикамыздың «Үздік ұстазы», пән мұғалімі Майра Мәлікқызы.

Танымдық кеш соңында Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының, Қоғамдық даму орталығы, Ғылыми және білім беру саласымен өзара әрекеттесу бөлімінің басшысы Бақыткүл Қасыметова мектеп-интернат оқушыларына «Ұлт ұстазы» атты үздік шығармалар жинағын тарту етті.

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодекстің 96-бабы, 1, 2-тармағының негізінде 2024 жылғы 17 қыркүйектен бастап 20 жұмыс күні бойы ecoportal.kz сайтында «Баум Тоғайы» табиғат ескерткіші аумағында Баум Тоғайын дамыту және сақтау жобасы және Ормандағы санитарлық қағидалар негізінде 2025 жылы «Баум Тоғайы» аумағында санитарлық кесілетін ағаштарға байланысты қоғамдық талқылау басталады.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші:
«Медеу» МӨТП » КММ.

Байланыс телефоны: 8 (727) 227-53-81.

БИН: 000440002069.



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –

Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12. E-mail:

rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және

тарату бөлімі. E-mail:

rekalatauaqparat@gmail.com

тел: 293-08-25

Шығармашылық даму

жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША

ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:

8 707 862 30 08,

8 777078 53 48

(Татьяна Титова, Логистика және өндіріс

бөлімі) телефоны арқылы сағат 9.00-ден

18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:

alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,

сейсенбі және жұма күндері

шығарылады.

Нөмірдің таралымы –

10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат

министрлігінің Ақпарат комитеті"

республикалық мемлекеттік

мекемесінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№ KZ17VPY00085956

күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер

орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да

басылды. 050026, Алматы қаласы,

Мұқанов көшесі, 223 В.

Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»

әуе компаниясының бизнес-класс

бортында және «Жолаушылар

тасымалы» АҚ пойыздарындағы

жолаушыларға қолжетімді.



[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)



[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)



[www.youtube.com/channel/
UCKxM2xrjCHx68r1ggA](https://www.youtube.com/channel/UCKxM2xrjCHx68r1ggA)



[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ЖЫЛАУЫҚ» АЙ

Шылқыған шығы, сылбыр жаңбыры бар қыркүйектің бір атауы осындай

Күздің алғашқы айы – қыркүйек басталды. Қазір бірінші аптасы орталанып қалды. Айдың бірінші күні жаңбыр жаумағанымен, келесі күні жаңбырмен басталды. Кешке дейін сылбыр жаңбыр сіркіреді де тұрды. Алатаудың басына қар түсті. Әрине, жаңбырдың жауғаны малшы үшін тым жақсы-ақ. Шөп жұмса-рады, дәрумендер молаяды, шөптің жұғымдылығы артады. Бірақ егінші үшін қолайсыз, сулы егінді комбайн ора алмайды, орылған дақылдар кешпей атыздар да ұзақ жатып қалады.



дарын табиғи құбылыстарымен байланыстырып отырған. Мәселен, «Масак» амалын алайық. Табиғат тамыршысы атанған көнекөз қазақ қарттарының есебі бойынша, мизамның (қыркүйектің) 10–15 аралығында жүреді. Осы мезгілде егін жиналған алпаққа малшылар мал жаяды, кәрі-құртаң, бала-шаға және артық еңбеккүштері атыздың масағын тереді. Сол себепті, амалдың атауы «масак» деп аталған.

Қыркүйек айында Үркер шокжұлдызы жоғарыға қарай өрлейді. Мұны қазақ «үркердің бас көтеруі» дейді. Бұл көрініс күйек уақытының келгенінен хабар береді. Малшы-

лар «оһо, Үркер бас көтеріпті ғой, күйектің алынар кезі болып қалыпты» деп бір-біріне айтып жатады. Айдың атауы мал шаруашылығына байланысты қойылса керек. Қой мен ешкінің төлдеу мерзімін жылдың жылы айларына келтіру, малдың қоңын көтеру мақсатында жаздың басында қошқар мен текелерге күйек байлаған. Ал осы байланған күйек тоқсан күннен соң алынып, аталық малдар еркіндікке жіберілген.

Осыған орай, қыр қазақтары күйек ағытатын уақытты «қыркүйек» деп атаған. Бұл амалдарды кезегі келгенде үнемі жазып жүрміз. Бұрынғы жазғанымызды оқыған

оқырман қазір өзгерді. Олардың орнын жаңа лек, жаңа оқырман ауыстырды. Егер біз бұл туралы бұрын жазғанбыз деп жанамалап өтіп кетер болсақ, кейінгі толқын каншама табиғи құндылықтардан хабарсыз болып қалар еді.

Қыркүйектегі ауа райы: күн салқындайды. Шық түседі, жиі жаңбыр жауады. Шуақты күндері де бар. «Мизам шуақ» деген. Айдың екінші онкүндігінде ауа райы суытқан кезде болатын шуақ. Далада мизамдар шұба тылып, төңіректе тыныштық орнайды... Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қыркүйектің – 6-сы. Ай жүйесі бойынша, бүгін жаңа айдың –3-і жаңасы. 8 күннен кейін (ескіше есеп бойынша) қыркүйек басталады.

Айдың туысы көңілді куантқандай, тігінен салбырап тұрған жоқ. Дегенмен, айдың басы өзгеріссіз болмайды. Күздің күні тұрақсыз. Сондықтан егін жинауды, жөндеу жұмыстарын, қысқа әзірлікті, басқа да кезек күттірмейтін шаруаларды жедел жүргізе берген ұтады.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Ай туғанда және толғанда сақталатын қазақтың тыйым:

* Айлы түнде үйден сыртқа сұт алып шықпа (сүтке Ай сәулесі түссе, малдың желіні іседі);

* Айды саусағыңмен көрсетпе;

* Ай сәулесін бетіңе түсіртпе;

* Ай толғанда желі тартпа;

* Ай туғанда қойға қошқар жіберме;

* Ай толғанда көште;

* Ай толғанда қыз ұзатпа;

* Ай толғанда үй тікпе.

КИНОКЕҢІСТІК

Алматыда аты аңызға айналған А'Studio тобының әндері желісімен түсірілген «Тоқта, түн!» киномузыкалының (режиссеры Фархат Шарипов) таныстырылымы өтті. Оның алғашқы көрермендері БАҚ өкілдері болды. Шақырылған қонақтардың арасында Almaty aqshamy тілшісі де отырды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«ТОҚТА, ТҮН!»

А'Studio әндерінің желісімен түсірілген киномузика көрерменге жол тартты



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

...Бейбіт есімді жас музыкант табысты артист болуды армандайды. Еңбеккер жігіт өзінің «Дигидай» тобымен бірге сахнаны сәтті бағындырып, тиімді келісім-шарттарға қол жеткізе бастайды. Жүрегі махаббатқа, қуанышқа, амбицияға толы жігіт сүйген қызы Алмамен бас құрап, өмірге сәби келіп, бақытты сәттері еселене түседі. Өмір жолында Джулия есімді әдемі биші қыз пайда болғанға дейін оның күндері осылай өріліп жатқан-ды.

Алма жөргектегі баламен үйде, күйкі тірліктің аузына жұтылып кете барады, ал қызылды-жасылды әлемге, әуенге құмар сезімтал жігіт қызықты сырттан іздеп, өзін ұнатып қалған Джулияға көңіл бұрады. Шаңырағына таң ата оралуды, тіпті кейде келмей қалуды шығарады.

Күндердің күнінде Бейбіттің жанында жары да, достары да қалмайды. Иә, махаббат, достық, адалдық, ата-анаға, айналаға құрмет сынды құндылықтар кинода өнер тілімен, музыка әуендерімен мың құбыла суреттеледі.

«Тоқта, түн!» фильмі жақын жандар арасындағы осындай күрделі қарым-қатынастардан бөлек, ару Алматыға деген сүйіспеншілікті, оның жарық та кең көшелерінің әдемілігін де бере білген. Картина сонысымен құнды шыққан секілді.

«Тоқта, түн!» А'Studio тобының әндері желісімен түсірілгенімен, сюжеті музыкалық топпен мүлдем байланысты емес. Айтпақшы, биыл «Тоқта, түн!» әнінің жарыққа шыққанына 30 жыл толады. Бүгінгі киномузикаға пайдаланылған бұл саундтрек алғаш рет 1994 жылы орындалған. Алдағы уақытта атаулы күнді ерекше атап өту де жоспарланып отырған секілді.

Кемеңгер Орал (кинода Бейбіт), Қарлығаш Ермекова (Алма), Жасмин Нұрахмет (Джулия) сынды жас актерлар ойнаған көрсетілім біткен соң, журналистерге арналып баспасөз мәслихаты да ұйымдастырылды. Онда жас актерлармен бірге, киномузикалық продюсерлері Байғали Серкебаев пен Дина Жұмабек те болып, БАҚ өкілдерінің сауалда-

рына жауап берді. Олар кинокартинада негізгі оқиғаларды бейнелеуге А'Studio тобының 17 әні ұсынылғанын атап өтті. Музикалық тыңдармандардың сүйікті хиттеріне айналған «Стоп, ночь!», «Солдат любви», «Грешная страсть», «Тик-так», «Еще люблю» және «Джулия» сияқты басқа да әндер орындалады. Көрерменге тосын сый ретінде топтың сонау «Алматы» аталған кездегі алғашқы альбомындағы қазақша әндері де шырқалады. Фильм музика жанрында болғандықтан, ол динамика мен энергия беретін ең жарқын музыкалық қойылымдарға толы болды, сондай-ақ оған әртүрлі стильдегі 500-ден астам биші қатысқан.

Продюсерлер басты кейіпкерді кім ойнайтынын ұзақ уақыт бойы шеше алмағандарын да атап өтті. Кемеңгер Орал бұл рөлге бекітілгенге дейін көп күш жұмсаған. Ол вокалмен айналысып, дикциясын реттеу үшін арнайы сабақ алуға мәжбүр болған. Продюсер Дина Жұмабек Кемеңгерді талантына, еңбекқорлығына, жанкештілігіне көз жеткізіп барып таңдағандарын айтты.

Бейбіт рөліне арналған вокалдық партияларды картинада әнші Мәди Сыздықов орындаған, бірақ кейбір әндерді бас кейіпкер Кемеңгердің өзі де шырқайды. Тіпті, екеуінің дауысында ұқсастық болған екен.

«Мен бұрын мұндай музика жанрында ойнаған емеспін. Қалай шығар екен деп қатты уайымдадым. Бірақ осы жанрда бағымды сынауды студент шағымнан армандаушы едім. Вокалдан басқа, хореографиялық нөмірлерде де көп жұмыс істеуіме тура келді. Төрелігін көрермендер бере жатар», – деді басты кейіпкерді сомдаған Кемеңгер Орал.

Иә, ендігі сөзді киносүйер көрермендерге қалдырамыз.